Қазақстан Респбликасы білім және ғылым Министрлігі
«Холдинг «Кәсіпқор» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**В.М. КИМКИНА, А.С. САЛАМАТИНА,
Д.Н. МАКИШЕВ, В.М. ТЮРИН**

ҚАРАПАЙЫМ ДАЛАЛЫҚ ГИДРОГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИНЖЕНЕРЛІ – ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

0703000 - «Гидрогеология және инженерлі геология» мамандығы бойынша негізгі орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіби білім беру жүйесіне актуалдандырылған Үлгілі оқу жоспарлары мен бағдаламалары үшін оқу әдістемесі ретінде өңделген

Астана, 2018 ж.

ӘОЖ 556 (075)
КБЖ 26. 22 я 73
Қ41

Қарапайым далалық гидрогеологиялық және инженерлі-геологиялық жұмыстар: Оқу құралы / Кимкина В.М., Саламатина А.С., Макишев Д.Н., Тюрин В.М. – Астана: «Холдинг «Кәсіпқор» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2018 ж. – 116бет

ISBN 978-601-333-445-5

Бұл оқу әдістемесі 0703000 «Гидрогеология және инженерлі геология» ТжКБ мамандығы бойынша актуалдандырылған үлгілі оқу жоспарымен және бағдарламасымен сәйкес әзірленген. КМ 03 «Қарапайым далалық гидрогеологиялық және инженерлі-геологиялық жұмыстарды орындау», сонымен қатар оқу нәтижелерін бағалауға арналған бақылау сұрақтары мен тапсырмалары бар. Кәсіптік модуль бойынша теориялық және тәжірибелік курстың негізгі материалдары енгізілді. Негізгі ұғымдардың, олардың белгілері мен ерекшеліктерінің нақты анықтамаларының арқасында студент қысқа мерзім ішінде ақпараттың негізгі бөлігін меңгеріп, қайта өңдеп, түсіруді жүргізу кезінде гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық жұмыстар мәселелері бойынша білікті маман бола алады. Оқу құралы тек студенттерге ғана емес, сонымен қатар оқытушыларға да пайдалы болады.

ӘОЖ 556 (075)
КБЖ 26. 22 я 73

Рецензенттер:
Т.ғ.к., ШҚО Ә ББ «Геологиялық барлау колледжі» КМҚК арнайы пәндер оқытушысы – М.П. Талерчик
ШҚО Ә ББ «Геологиялық барлау колледжі» КМҚК, жоғары біліктілікке ие арнайы пәндер оқытушысы — Л.Н. Гребенюкова
Инженер-геолог ТОО «ВостокКазГеоПроект» - Р.Р. Якупов

«Кәсіпқор» холдингі» КАҚ Ғылыми-әдістемелік кеңесімен бекітілді, 26.09.2018 жылынан № 2 хаттама

©«Холдинг «Кәсіпқор» КАҚ, 2018 ж.

«Delta Consulting Group» ЖШС аударған

Мазмұны

Кіріспе 5
Жалпы гидрогеология 6
1.1 Кіріспе 6
1.2 Табиғаттағы су 8
1.3 Тау жыныстарының физикалық және сулы қасиеттері 11
1.4 Гидрогеотермия бойынша негізгі мәліметтер 13
1.5 Жерасты суларының физикалық қасиеттері, химиялық және бактериялық құрамы 16
1.5.1 Судың физикалық қасиеттері 16
1.5.2 Судың химиялық құрамы 19
1.5.3 Судың химиялық қасиеттерінің негізгі көрсеткіштері 21
1.6 Жалпы гидргеология бойынша бақылау сұрақтар мен тапсырмалар 27
Инженерлік геология. Грунттану. 29
2.1 Кіріспе 29
2.2 Грунттану негіздері 30
2.2.1 Грунттың физикалық-механикалық қасиеттерінің қалыптасуы 31
2.2.2 Шөгінді тау жыныстарының литогенезі 31
2.2.3 Төрттік жыныстардың тектік типтері 32
2.2.4 Грунттың минералдық құрамы 33
2.2.5 Грунттың коллоиды қасиеті 36
2.2.6 Грунттың құрылымы мен текстурасы 38
2.2.7 Грунттағы су мен ауа 40
2.2.8 Грунттың инженерлі-геологиялық жіктелімі 42
2.3 Инженерлік геология бойынша бақылау сұрақтар мен тапсырмалар. «Грунттану» бөлімі 44
Гидравлика және гидрометрия негіздері 45
3.1 Кіріспе 45
3.2 1-бөлім. Гидравлика 45
3.2.1 Сұйықтық және оның физикалық қасиеттері 45
3.2.2 Сұйықтық туралы жалпы мәліметтер. Сұйықтық физикалық дене ретінде 47
3.2.3 Сұйықтықтың қасиеттері 47
3.3 2- бөлім. Гидростатика 50
3.3.1 Гидростатикалық қысым және оның қасиеті 50
3.3.2 Гидростатиканың негізгі теңдеуі 51
3.3.3 Гидростатикадағы кейбір түсініктер 52
3.3.4 Жазық беттегі сұйықтық қысымы 55
3.3.5 Дененің жүзуі 57
3.4 3- бөлім. Гидродинамика 59
3.4.1 Гидродинамиканың негізгі түсініктері 59
3.4.2 Д. Бернулли теңдеуі 62
3.4.3 Д. Бернулли теңдеуін тәжірибеде қолдану 66
3.5 4- бөлім. Гидравликалық кедергі 69
3.5.1 Сұйықтықтың ламинарлық және турбуленттік қозғалысы және 69

Рейнольдс критерийлері
3.6.5 - бөлім. Құбырлардағы тегеурінді қозғалыс 73
3.6.1 Гидравликалық соққы 75
3.7 6-тарау. Саңылаулардан, саптамалар мен суағарлардан сұйықтың ағуы 76
3.7.1 Саңылау және саптама түрлері 76
3.8 7-тарау. Ашық аңғарлар мен арналардағы сұйықтықтың қозғалысы 82
3.8.1 Кәріз құбырларын есептеу 83
3.9 8-тарау. Гидрометрия негіздері 92
3.9.1 Су деңгейі 92
3.9.2 Өзендердің тереңдігі 92
3.9.3 Су ағысының жылдамдығы 94
3.9.4 Су шығыны 95
3.10 9-тарау. Гидрология негіздері 97
3.10.1 Жер жүзіндегі су түрлері. Табиғаттағы су айналымы. Су теңгерімі 97
3.11 Гидравлика және гидрометрия негіздері бойынша бақылау сұрақтар мен тапсырмалар 101
Глоссарий 109
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 117

Кіріспе

Оқу әдістемесі КМ 03 «Қарапайым далалық гидрогеологиялық және инженерлі-геологиялық жұмыстарды орындау» кәсіптік модуль бойынша студенттердің өз бетінше оқу мүмкіндігін қарастырады. Аталған модуль бойынша теориялық материалдар мен оқу нәтижелерін бағалау үшін сәйкес келетін тәжірибелік тапсырмалардан тұрады.

Материал оқушыларды жер астындағы гидросфера туралы ғылымды, оның тарихын, ресурстары мен құрамын, оның құрамдас компоненттерінің кеңістіктік бөлу заңдылықтарын, онда болып жатқан үрдістер және айналадағы жер қабықшасымен әрекеттесуін, сонымен қатар жер асты гидросфера компоненттерінің шаруашылық мәнін және оларға адамның шаруашылық қызметінің ықпалын таныстыруды көздейді. Инженерлі геологияның негізгі міндеттерін, грунттың құрылымы мен түзілім сипатын, грунттағы су түрлерін, грунттану негіздерін, гидравлика және гидрометрия негіздерін зерделеу, гидростатика мен гидродинамиканың негізі теңдеулері бойынша есептер шығару, гидрометриялық жұмыстарды жүргізу әдістері, беткі және жер асты суларының байланысын, беткі және жерасты ағындарын есептеудің гидрологиялық зерттеу әдістері.

Оқу әдістемесі үш бөлімнен тұрады:

1. Жалпы гидрогеология
2. Инженерлік геология. Грунттану
3. Гидравлика және гидрометрия негіздері

Осы модуль бойынша оқыту нәтижелері келесі дағдыларды меңгеру болып табылады:

- сұйықтық статикасы мен динамикасының негізгі заңдарын меңгеру;
- жер асты суларының түрлері, шығу тегіне, сипаттамаларына және ағынның гидродинамикалық ерекшеліктеріне бағдарлау;
- грунт түрлерін, олардың шығу тегі мен қасиеттерін анықтай білу.

Оқу материалын зерделеу кезінде, қолданыстағы стандарттар мен Халықаралық өлшеу бірліктер жүйесіне сәйкес қажетті терминологиялар мен белгілерді сақтау қажет. Аспаптар мен жабдықтардың таңбалануы, техникалық сипаттамаларын, техникалық шарттарға, нормалар мен МЕМСТ сәйкес жүргізу қажет.

Далалық және зертханалық зерттеудің арнайы әдістемелері мен техникасына, сонымен қатар нақты шаруашылық міндеттерді шешу үшін гидрогеологиялық зерттеулер жүргізу әдістемесіне ерекше назар аудару қажет. Гидрогеологиялық ақпараттарды өңдеу бойынша мысалдар мен тапсырмаларды шешу кезінде, математикалық статистика әдістерін қолдануға кеңес беріледі.

1. ЖАЛПЫ ГИДРОГЕОЛОГИЯ

1.1 КІРІСПЕ

Гидрогеология – жерасты сулары, олардың ресурстары, құрамы, таралу заңдылықтары, шаруашылық мәні және адамға ықпалы туралы ғылым.

Гидрогеология геологияның саласы болып саналады және литосфераға қосылып жатқан, тау жыныстарымен тығыз байланысты жер қабығының дамуын талдау негізінде зерттейді. [3]

Гидрогеология құрамына келесі бөлімдер кіреді:

- ***Жалпы гидрогеология*** – жер асты суларының таралу заңдылықтарын, олардың сипаттамаларын, пайалану әдістемесі мен жіктелімін қарастырады.
- ***Жер асты суларының динамикасы*** – табиғи жағдайларда жерасты суларының қозғалыс заңдарын зерделейді, инженерлік құрылыстарды салу нәтижесіне осы жағдайлар өзгерген кезде, олардың ресурстары мен қорларын анықтайды.
- ***Гидрогеологиялық зерттеулер әдістемесі*** – жерасты суларының әртүрлі кен орындарын зерттеу әдістері мен тәсілдерін, сонымен қатар осы зерттеулерді жүзеге асыру үшін техникалық құралдарды зерделейді.
- ***Аймақтық гидрогеология*** – ірі геологиялық құрылымдарға орайластырылған ірі кен орындарын, олардың бір-біріне өзара әсерін зерделейді. Қазақстанда бұл Тұран гидрогеология аймағы, Батыс-Сібір гидрогелогия аймағы, Тянь-Шань-Жоңғар-Памир гидрогеология қатпарлы аймағы және Орталық-Қазақстан, Саян-Алтай-Енисей гидрогеологиялық қатпарлы аймағы. [5]

Гидрогеологияның көрсетілген бөлімдерінен басқа мыналар кіреді:

1. гидрогеохимия;
2. пайдалы қазба кен орындарының гидрогеологиясы (кеніштік гидрогеология).
3. минералды, өнеркәсіптік және ыстық сулар туралы ғылым;
4. радиогидрогеология,
5. мелиорациялық гидрогеология;
6. жерасты суларының режимі және теңгерімі туралы ғылым;
7. палеогидрогеология.

Қазақстандағы гидрогеология елдің экономикасына шешуші әсері бар, себебі Республика қуаңшылық (құрғақ) климаттық жағдайларда болады.

Шөгінділер мен беткі ағынның жеткілікті мөлшері болмаған кезде, арнайы гидрогеологиялық шарттар құрылады: жерасты суларының жоғары минералдануы, ал табиғи сулар пайдалану үшін терең көлбеу жатады және өте қиын зерттеледі.

Қазақстанда судың жетіспешулігі жыл сайын артып келеді. Бұл табиғи жағдайлармен және аймақтың су ресурстарын тиімсіз пайдалануға байланысты.

Бүгінгі күні бірнеше қиын аймақтар бар: Арал, Каспий, Балқаш маңы, онда су теңгерімінің экологиялық тепе-теңдігі бұзылған аймақтарда бірте-бірте ауысады.

Жер бетіндегі су шығыны, жылына не бәрі 3 млн км^3, Қазақстанда суды толық тұтыну 15,3 км^3, олардың шамамен 68%-ы суармалы, ол өз кезегінде сонымен бірге жөнсіз пайдалану кезінде экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына алып келеді.

Адамзат өміріндегі судың рөлін кеесі бағыт түрінде ұсынуға болады:

a) санитарлық ішу үшін тұтыну мақсатында адамның жеке пайдалануы: егер ежелгі заманда бұл шығын күніне 18 литрге дейін құраса, 19-шы ғасырда 400 ден 600 литрге дейін құрады;

b) жерлерді суару;

c) суларды әртүрлі материалдарды, бұйымдарды (мысалы: 1т болатты өндәрі үшін 250т су; целлюлозы – 1500т; каучук – 2000т және т.б. пайданылады);

d) энергетикалық мақсаттарда – су электр энергиясын алу үшін ең сенімді әрі экологиялық таза көз болып саналады;

e) су бірегей ерітінді, сонымен қатар климаттың табиғи реттегіші болып табылады, осыған байланысты Жер планетасын, ол бар болған күйінде қалыптастыру, судың бірегей қасиеті болып саналады. Осы қасиеттің арқасында, ПҚКО көптеген типтері пайда болады, осыған байланысты оларды әзірлеу тәсілдері жетілдіріледі.

Қазіргі замандағы басты мәселе – бұл экология. Суды дұрыс пайдаланбау, таза көздердің азаюына алып келеді, судың өзі планетада табиғи тепе-теңдіктің бұзылуының анағұрлым маңызды аймақтарын құра отырып, экологиялық жағымсыз қалдықты таратушы болып саналады.

Сондықтан да, гидрогеологияның негізгі бағыттарын келесілер деп санауға болады:

1) әртүрлі мақсаттарда жер асты суларының кен орындарын іздеу, барлау;

2) сулы деңгейжзиектерді пайдалану барысында, жер асты суларының сапасын және олардың санын (мониторинг) қадағалау;

3) жер асты суларының ластануымен күрес, өнеркәсіп қалдықтарын оқшаулау тәсілдерін әзірлей, жер асты суларын сарқылудан қорғау.

судың негізгі бөлігі мұхиттардан (97,4%) тұратынын және оның шаруашылық мақсаттарда ішу үшін пайдалануға жарамсыз екенін есепке алу қажет. Судың тек (2,5%) ғана құрлық бетінде, олардың көп бөлігі қар мен мұзд түрінде болады, қалған бөлігі шамамен (1%) құрайды және пайдалану үшін тартылуы мүмкін. [3]

Жер шарындағы судың жалпы саны шамамен анықталған. Л.А. Зенкевич бойынша, жалпы су көлемі дүниежүзілік мұхиттің шамамен 1370 млн. км^3 құрайды, мұз түріндегі су көлемі (К.К. Марков бойынша)-20 млн. км^3, өзендер мен көлдерде- шамамен 751 200 км^3 ; литосферадағы су мөлшері, әртүрлі зерттеу деректері бойынша, 15040-тан 1 175 085 млн. м^3 дейін ауытқиды.

жер шары үшін жылдық теңгерімді келесі ара қатынаста көрсетуге болады:

$$Z_т + Z_к = X_М + X_т \text{ , (1.1.1)}$$

ондағы, $Z_т$ –мұхиттар мен теңіз бетінен жылдық булану;

Zқ –құрлық бетінен жылдық булану;
X_M – мұхит және теңіз бетіндегі жылдық тұнбалар
$X_т$ – құрлық бетіндегі жылдық тұнбалар

1.2 ТАБИҒАТТАҒЫ СУ

Жер қабықшаларының бірі гидросфера болып табылады. Ол күн энергиясы мен ауырлық күшінің әсерінен жылжитын бос суларды біріктіреді. Жалпы гидросфера көлемі 1,4 миллиард км3, 97,5 5 % - бұл мұхиттар мен теңізлер суы, қалған тұщы судың айтарлықтай бөлімі полюстерде мұз түрінде шоғырланған.

Табиғаттағы айналым процесі сандық өрнекте, су теңгеріммен сипатталады, көп жылдық кезең үшін тұйық өзен бассейндері үшін арналған теңдеу, Б.И. Куделин бойынша келесі түрге ие:

$$x=y+z+w, \qquad (1.2.1)$$

ондағы, x — су жиналатын алаңдардағы тұнбалар, мм;

y — өзен ағыны, мм;

z — конденсацияны шегергендегі булану, мм;

w — тұнбалар есебінен иілімді терең сулы қат-қабаттың орташа жылдық қоректенуі немесе терең деңгейжиектерден жес асты суларының өзен бассейндері шегінде келуі, мм. [5]

1.2.1 – сур. Табиғаттағы су айналымының схемасы
interneturok.ru дереккөзі

Қазіргі уақытта, су шығыны, жылына шамамен 5000 куб км құрайды. Бұл сан, қазірдің өзінде суды тұтынудың орташа алғанда, олардың жалпы санына салыстырмалы, ал кейбір аудандарда тұщы судың апатты жетіспеушілігін көрсетеді.

Іс жүзінде сумен жабдықтаудың жалғыз көзі, жерасты сулары (жер асты гидросфера) болып табылады, ол төмендегілер есебінен қалыптасады:

а) ***атмосфералық жауын-шашындардан***, олардың мөлшерінен 100 мм (Қарақұм) 400 мм (Грузия) дейінгі шекте өзгереді.

б) ***булану***– жауын-шашын бөлігі тікелей және субулану (өсімдік жапырақтарының булануы) арқылы буланады;

в) ***суағар*** – жауын-шашынның қалған бөлігі, жер асты және беткі суағарлар есебінен, беткі су бассейндерінде (суқоймалары) жиналады. су ағатын алаң, жер асты және беткі суағар бассейні деп аталады. [5]

буланатын өнімдер желмен бұлт түрінде ауысады және жауын-шашын түрінде қайтадан жерге түседі.

Алынған жабық цикл табиғаттағы су айналымы деп аталады. (1.2.1-суре. қар.)

Жерасты және беткі суағарлардың сипаты келесідей

1. ***Бассейн ауданы*** (жерасты немесе беткі суағарлар) – бұл беттің аудан, оған су суағардан құйылады. Ол су бөлімдерінің арасына тұйықталған. Шаршы километрмен (F) өлшенеді.

2. ***Су шығыны*** – (л/с; $м^3$/тәу.) жерасты немесе беткі суағарлар- бұл көлденең қима арқылы уақыт бірлігінде өткен су мөлшері.

3. ***Суағар модулі*** (жерасты немесе беткі) – бұл ағын шығының суағар бассейнінің (жерасты немесе беткі) ауданына қатынасы.

$$М_{ж.а.\ беткі.} = \frac{Qx10^3}{F} \text{ (л/сек км}^2\text{) (1.2.2)}$$

Жалпы суағардың қалыптасуындағы атмосфералық жауын-шашын үлесін анықтау үшін, суағар коэффиценті ŋ енгізіледі, ол суағар көлемінің қабат түрінде y_0 көрсетілген осы кезең ішіндегі, аталған ауданға түскен жауын-шашын қабатына x_0 ара қатынасын көрсетеді: $ŋ = y_0 / x_0$.

Су қабаты түріндегі жерасты суағарлары мен беткі суағарлар милиметрмен келесі ара қатынаста л/с*км^{2}суағар модулімен байланысты болуы мүмкін: $y_{жер\ асты} = 31{,}54М_{жер\ асты}$

Өзеннің жерасты қоректену коэффиценті $К_{жа}$және жер асты суағар коэффиценті η_n келесі ара қатынаспен анықталады: [3]

$$K_{пп} = \frac{M_{подз.}}{M} * 100\% \text{ және } \eta_n = \frac{y_{подз.}}{x_0} * 100\% \text{ (1.2.3)}$$

Тау жыныстарындағы су түрлері

Су келесі күйде болады: сұйық, қатты, газ тәрізді, байланысқан. Назарымызды байланысты суларға аударамыз.

Байланысты суларға белгілі уақытта, оның химиялық құрылымдарда тау жыныстарының молекулаларында қатты бірігіп, айналымынан шығарылатыны тән.

Келесілер ажыратылады:

1. Химиялық байланысты суларға бейтарап молекулалар немесе химиялық минералдар формуласындағы иондар кіреді. Оған мысал, CaSO4•2H2O гипсінің суы болады. Ол қыздыру кезінде кетуі мүмкін.

2. Жаңа эксперименттік және далалық зерттеулердің жинақталуына байланысты, А.Ф. Лебедевтің жіктелімі көптеген Кеңес Одағының ғалымдарының еңбектерінде (Роде, 1952; Сергеев, 1971; Ломтадзе, 1970 және басқалар) дамыды. Инженерлі –геологиялық және грунттану сұраныстарын есепке ала келе, көптеген авторлар А.Ф. Лебедевтің топтастыруындағы қабықтық сулар туралы түсінікті талдап тексереді. Бұл су түрлерін физикалық байланысқан сулар деп атайды. [3]

Минерал бөлшектерімен байланысу сипаты мен қасиет ерекшеліктері бойынша, байланысқан сулар, жүздеген және мыңдаған атфосфераға сәйкес келетін, бетінде жыныс бөлшектерін күшпен ұстап тұратын, берік байланысқан суларға (адсорбирленген, гигроскопиялық) және қабаты тау жыныстары бөлшектерінен анағұрлым алшақ бос байланысқан сулар болып бөлінеді. Бос байланысқан сулар жыныстарда біршама аз күштермен ұсталады және өз қасиеті бойынша берік байланысқан сулардан біршама ерекшелене отыырп бос суларға жақын.



1.2.2 –сурет. Жыныс бөлшектері бар су молекулаларының әртүрлі байланыс түрлері

(А. Ф. Лебедев бойынша):

1 — жер қыртысының бөлшектері; 2 — су молекулалары; а — толық қаныққпаған кездегі гигроскопиялық сулар; б — толық қаныққан кезіндегідей; в және г — қабықтық су:

жоғары ықтимал қалыңдық қабықшасымен толық молекулалық қанығу кезіндегі г бөлшегі; қабықшақьық су екі бөлшектер де қабықшық қалыңдығын тегістеуге дейін солға қарай жылжиды; д — тамшы түзетін, гравитациялық су, ол ауырық күшінің әсерінен төмен қарай ағады.

Физикалық байланысқан су үш түрде (берік байланысқан, борпылдақ байланысқан, өте борпылдақ байланысқан), олардың қасиеттерін анықтай отырып, борпылдақ жыныстар (саз) құрамына кіреді.

Берік байланысқан сулар, бетте молекулалық бөлшектер және электростатикалық күштермен ұсталады. Қасиеті бойынша берік байланысқан сулар, қатты денеге жақын, жоғары тығыздығы, тұтқырлығы және иілгіштік қасиеті бар, көбінесе ұсақ қиыршықты жыныстарға тән, тек бу түріне ғана ұшырайды, тұзды еріте алмайды, саз жынысты бөлшектермен су молекулаларының байланысу энергиясы ие. Берік байланысқан сулар біртекті емес және «Грунттану» және «Грунт негіздері» курстарында қарастырылатын, бір қатар санаттарға бөлінеді.

Бос байланысқан сулар берік байланысқан (адсорбиялық) су үстінде орналасқан, молекулалық күштермен ұталады. Жыныс бөлшектерімен неғұрлым аз байланысқан, анағұрлым қозғалмалы, тығыздығы бос сулардың тығыздығына жуық, сорбиялық күштердің әсерінен, жыныстың бір

бөлшегінен екінші бөлшегіне жылжи алады, бұған қоса, тұздалған жыныстарда судың жылжуы, тұз концентрациясы анағұрлым жоғары учаскелерде болады, сонымен қатар ауырлық күшіне бағынбайды және гидростатикалық арынды береді, тұзды еріту қабілеті төмен. Белгілі дәрежеде, өсімдіктерді пайдалану үшін қолжетімді. Қабықшалы су құрамы мыналарға жетуі мүмкін: құмда 1 – 7%, құмайттарда— 9 –13%, саздақтарда— 15–23%, сазда — 25–40%.

Байланысқан су құрамына байланысты, әсіресе сазды жыныстарда, олардың күйі мен қасиеті бірден өзгереді, ең алдымен беріктігі. [5]

Капиллярлық су капиллярлық жыныстар мен су және жыныс қуыстарында болатын бу шегінде әсер ететін, капиллярлық күштердің (менистік) әсерінен ұсталатын және жылжитын тау жыныстарының жарықшақтарында болады, капиллярлық су үш түрге бөлінеді: жек капиллярлық, ілінген және қуыс бұрыштарындағы сулар.

Еселік капиллярлық сулар жыныстарда капилляр жиегінің ылғалы түрінде, ең төменгі ылғал сыйымдылығынан (ЕТЫС) толық ылғал сыйымдылыққа (ТЫС) дейін ылғалдылық аралығындағы топырақ суы деңгейінен жоғары болады. Жыныстың қиыршықты құрамына байланысты, капиллярлық жиек қуаты нөлден жұмыстасқа дейін, қиыршық тастар саз жыныстарында 4-5 м дейін өзгереді. Капиллярлық жиектің жоғары шегінің орналасуы, топырақ суы деңгейі құбылған кезде өзгереді.

Еселік капиллярлық сулар өсімдіктер үшін қолжетімді.

Ілінген капилляр сулар көбінесе, жыныстың жоғарғы деңгейжиегінде немесе жер қыртысында орналасадытопырақ суы деңгейіне тікелей байланыста жатқан жоқ. Ілінген судан тұратын жыныстардың ылғалдылығы шамадан тыс болған кезде, жоғарыдан аз ылғал сыйымдылығымен су төмен жатқан қабатқа ағады. Ілінген капиллярлық сулар өсімдіктер үшін қолжетімді.

Қуыс бұрыштарындағы сулар, құмдақ және саз жыныстарының қуыстарында, олардың бөлшектері жанасып жататын жерлерде капилляр күшімен ұсталады.

Қуыс бұрыштарындағы судың гидростатикалық қысымы берілмейді, өсімдіктермен пайдаланылмайды, ылғалдылық шамадан тыс көп болғанда, ілінген немесе еселік капиллярлық суларға ауысады. [5]

1.3 ТАУ ЖЫНЫСТАРЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СУЛЫ ҚАСИЕТТЕРІ

Сулы-физикалық қасиеттерімен, тау жыныстарының судың әсерінен физикалық қасиеттерінің өзгеру қабілетін түсінуге болады:

1. ***иілімділігі*** – сыртқы күш салудың әсерінен сазды жыныстардың тұтастығын бұзбай өз пішінін өзгерту, ал күш сау әсері тоқтаған кезде алынған пішінін сақтау қабілеті.

2. ***ісінушілік***- саз грунттардың сумен әрекеттесу кезінде көлемінің өсу қасиеті. Ол грунттың кеуектілігі және ылғалдылығының өсуінен байқалады, сонымен бірге грунттың консистенциясы анағұрлым жұмсақ болады.

3. ***отырғыштық*** – кебу кезінде грунттың көлемі мен сызықтық өлшемдерінің кішіреюі. Отырғыштық құбылысы, сазды және органикалық топырақтарға тән. Ол грунттың кебу кезіндегі әркелкі пішінің өзгеруімен, онда жарықшақтардың пайда болуымен, оның су сіңіргіштігінің өсуімен байқалады. Грунттың тұрақты көлеміне сәйкес келетін ылғалдылық, отырғыштық шегі деп аталады.

Судың қасиеттеріне мыналар жатады: су сыйымдылық және ылғалдылық, капиллярлық, су сіңіргіштік және су бергіштік.

Кеуектілік, коллекторлық қасиеттерін анықтайтын, жыныстардың физикалық қасиеттерінің негізгі сипаттамалары болып табылады.

Тау жыныстарында піші мен шығу тегі бойынша әртүрлі қуыс жерлердің болуы, қуыстылық деп аталады, яғни құз жыныстарда бұл жарықшақтар, қуыстар, борпылдақ жерлерде-қуыстар. [1]

Кеуектілік деп қуыс (қуыс) көлемінің - Vn барлық жыныс көлеміне қатынасын атайды, n=Vn/V. Су сіңіргіш жыныстар үшін n = 0,1-0,2 (ірі сынықты құмдар 0,5-0,6 (саз) дейін.



1.3.1-сурет. Гидростатикалық арынды анықтауға қатысты схемасы

Ең маңызды қасиеттер болып су бергіштік және су сіңіргіштік қасиеттер саналады.

Су бергішті – бұл суға қаныққан жыныстардың суды су немесе қысым деңгейі төмен болған кезде беру (гравитациялық) қасиеті. Сондықтан да гравитациялық және иілгіш су бергіштік деп бөлінеді.

Гравитациялық су бергіштік су мөлшерімен сипатталады, ол жыныс көлемінің бірлігін, ол еркін аққан кезде су деңгейінің төмендеу нәтижесінде береді, ΔH, яғни, μ=Vв /(F*ΔH).

$\mu=0{,}117\ \sqrt[7]{Кф}$

Иілгіш су бергіштік су көлемімен сипатталады, ол жыныс көлемі брілігін, оны құрғатпай, суды иілімді кеңейту және көлемінде кеуектілікті азайту есебінен береді. Иілгіш су бергіштік гравитациялыққа қарағанда 2-3 есеге кем. [4]

Су бергіштік μ және иілгіш су бергіштік μ* коэффиценттеріне сипаттама енгізіледі, онда берілген су көлемінің мөлшері жыныста үнемі болатын толық мөлшерінің ара қатынасына тең, μ<1

$$\mu = \frac{V}{Vn} \quad (1.3.1)$$

μ – құмдар үшін 0,19-0,24 тең

саздақтар үшін- 0,1-0,05

сазды грунттар үшін 0,05 тең.

Су сіңіргіштік– жыныстың өзнен арын градиенті болған кезде бос суларды өткзу қасиеті. Су сіңіргіштікті зерттеумен, француз физигі Дарси айналысты. Ағын шығын, оның қимасы мен гидравликалық ауытқу ауданына тік пропорционал:

Кс– сүзгілеу коэффицентін атайды, ол бірлікке тең арынды градиент кезіндегі аталғанн грунттағы көлденең қима арқылы өтетін су мөлшері.

$$Q = K_c \cdot F \cdot I \text{ (Дарси заңы) } (1.3.2)$$

$$K_ф = \frac{Q}{F * J} \text{ (м/сут);} \qquad J = \frac{H_2 - H_1}{L} \quad (1.3.3)$$

$$[K_ф] = \frac{м^3 / сут}{м^2 * 1} = м / сут;$$

Гидравликалық градиенттің маңызы 1.3.1-суретте көрсетілген.

K_c 0,001 м/тәу-тен бастап 1000 м/тәу-ке дейін өзгереді.

Капиллярлық– құрғақ және сулы жыныстар шегінде дамитын, беткі тартылу күшінің әсерінен, жыныс жарықшақтарының жұқа қуыстарындағы судың көтерілуі және ұсталуы. Жыныстардағы капиллярлық көтерілу биіктігі мен жылдамдығы айырылады.

Жыныстардың капиллярлық қасиеттері, әсіресе ауа жіберу аймақтарында кеңінен байқалады, онда буланы, батпақтану, жердің тұздалуы және т.б. үдерістер туындауы мүмкін.

Қуыс өлшемі анағұрлым үлкен болса, соғұрлым жылдам, бірақ аз биіктікте $h_к$ су көтеріледі, $h_к$ (орташа) құмда - 5-120см., саздақтарда 120-650 см, сазда 650-1200 см құрайды. [4]

1.4 ГИДРОГЕОТЕРМИЯ БОЙЫНША НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТТЕР

Жер қабығында жылуды қайта бөлу, кондуктивті және конвекциялық жылу алмасу арқылы жүзеге асырылады. Кондуктивті жылу өткізгіштік, энергияны бөлшектерге аз энергиямен таратуға негізделеді және жыл өткізгіштік коэффицентімен λ сипатталады, температура ұзындық өлшемі үшін 1^0 –қа төмен түскен кезде, аудан бірлігі арқылы уақыт бірлігінен өтетін, жылу мөлшеріне сан түрінде тең. Жылу өткізгіштік коэфицентінің шамасы минералды- петрографиялық ерекшеліктерге және жыныстардың ылғалдылығына байланысты.

Әртүрлі инсоляциялау және жыныстардың жер бетінен тереңдіктегі жылу өткізгіштігі, тәулікті, жылдық, көп жылдық және көп ғасырлық температураның құбылуы байқалады. Температураның құбылу амплитудасы, тереңдікте жылдам азаяды. 1-2 м тереңдікте тұрақты тәуліктік температура қабаты, ал 10-40 метр терең емес жерлерде тұрақты жылдық температура

қабатын (бейтарап қабат) көлбей тастау, температурасы ауданағы орташа жылдық температураға жуық. Осы қабаттан төмен жер қойнауынан алынатын жылу ағынының әсері басталады. Бұл ағын сан түрінде геротермиялық градиентті, геотермиялық дәрежені және жылу ағындарының тығыздығын сипаттайды. [1]

Геотермиялық градиент Г –температураның тереңдікте қарқынды өсуі, геотермиялық дәреже Q – тереңдік интервалы, онда температура 1^0С-қа өзгереді. Бұл көрсеткіштер келесі формула бойынша есептелуі мүмкін:

$$Г = \frac{T_2 - T_1}{H_2 - H_1} \text{ және } Q = \frac{H_2 - H_1}{T_2 - T_1} \quad (1.4.1)$$

ондағы, T_1 және T_2 –H_1 және H_2 тереңдіктеріне сәйкес өлшенген температура. Геотермиялық дәреже шамасы Q белгілі болған кезде, Н кез келген берлген тереңдігінде температураны бағдарлы болжауға немесе белгілі температураға Т сәйкес келетін тереңдікті анықтауға болады:

$$T = t_r + \frac{H - h}{Q} \text{ немесе } H = (T - t_r)G + h \quad (1.4.2)$$

ондағы, h – тұрақты жылдық температура қабатының тереңдігі, t_r – жер қыртысы бетіндегі орташа жылдық температура.

Герметикалық градиенттің орташа шамасы 3^0С/100м, ал геотермиялық дәреже 33м/^{0}С тең.

Жерасты суларымен, бу су қоспасымен және магмалық балқымалармен жылудың ауысуы, конвекциялық деп аталады. Бұл процес жер қабығының жоғарғы бөлігінде, тереңдігі 2-5 км дейіні құрлықтарда және жерасты суларының ағыны ауысатын тектоникалық жарылған аудандарда, жер анағұрлым белсенді болады және гидросфераның беткі бөлігімен жылу алмасу жүзеге асырылады.

Жылуды қайта бөлуде, олар қарқынды қозғалатындықтан, қанығу аймақтарындағы жерасты сулары үлкен рөл атқарады. Литосфераның анағұрлым терең бөліктерінде конвекциялық жылу алмасу шамалы, бұл жерде диффузиялық алмасу басым. [4]

Жерасты гидросферасында геотермиялық режимі бойынша үш аймақты бөліп көрсетеді: гелиотермиялық аймақ, геотермиялық аймақ және гелиогетермиялық аймақ.

Гелиотермиялық аймақ – жер қыртысының жоғарғы қабықшасы, гидрогеотермиялық режим инсоляцияның әсерімен байланысты. Ол бейтарап қабатпен шектеледі.

Гелиогеотермиялық аймақ– бейтарап қабаттар мен климаттың әсерінен температураның көп ғасырлық құбылуы арасында орналасқан, күн сәулесінің әсеріне, сонымен бірге жер қойнауының ішкі жылуының әсеріне ұшыратылады.

Геотермиялық аймақ – төменде орналасқан, жер ішіндегі жылудың әсерінде болады.

Жесасты гидросферадағы негізгі жылу тасығыштар, жылуды Жердің ішкі энергиясынан алатын гидротермалар.

Гидротермалар жылы сулар, парогидротермалар (бу тәрізді қоспа) және температурасы өзгеретін ыстық су булары болып бөлінеді. Жер бетіндегі гидротермалар ыстық көздер, гейзерер түрінде шығады. [1]

Жыныстар мен су температурасын өлшеу

Жыныстар мен мен температурасын зерттеу үшін, оны уақыт пен кеңістіктегі өзгерістерін ұңғымалардағы, шахталарда, құдықтарда, көздер мен өзендерде температураларын өлшейді.

Бұл үшін әртүрлі термометрлер қолданылады.

1.4.1 –сурет. Манометр-термометр-Автономды ұңғымалы Фотон

Манометр-термометр ұңғымалы ФОТОН ұңғымаларды диагностикалық зерттеу үшін арналған аспап қысым, температура және сұйықтықтардың меншікті электр өткізгіштігін өлшеуге және энергияға тәуелді жадыдағы өлшеу нәтижелерін тіркеуге мүмкіндік береді. Жоғары жұмыс температураларда үш атқарымда шығарылатын аспап: +85°С, +130°С (В), +150°С (Т)

1.4.2 –сурет. Ұңғымалы термометр ҰТ, ЭҰТ

ҰТ гидрологиялық ұңғымаларда ауа немесе су температурасын өлшеу үшін арналған. Ұңғымалы темометрдің өлшеу ауқымы -15°С-тен + 50°С дейін құрайды.

Аталған термометрлік бақылаулар, ұңғыма тереңдігі бойынша термограммалармен, геотермиялық карталармен, температураның хронологиялық ауытқу кестесін көрсетеді. Геотермиялық карталарда геоизотермалар, термоизогипстер, геотермиялық градиент деректері және т.б. көрсетілген.

Геоизотермалар– берілген тереңдікте бірдей температуралармен нүктелерді біріктіретін желілер, ал термоизогипстер – берілген изотермиялық бет шегінде бірдей тереңдіктегі нүктелерді біріктіретін желілер. Геотермиялық градиент карталары, оның көлемін аудан бойынша, сонымен қатар белгілі аралықтар үшін көсете алады.

Гидротермиялық матеиалдар практикалық есептерді шешу үшін қолданылады:

1. Геологиялық тұрғыдан, жыныстардың сулы және су өткізбейтін қалыңдығын атап көрсету;

2. Тередігі мен ауданы бойынша жер асты суларының сүзгілеу жылдамдығын анықтау;

3. Тау –кен өндіру ұңғымаларында суландырылған аймақтарды болжау;

4. Термалдық суларды іздеу және барлау кезінде;

5. Жерасты суларының қоректенуін, босатылуын, олардың іргелес деңгейжиектерде тік ағуын анықтау және т.б. [4]

1.5 ЖЕРАСТЫ СУЛАРЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ, ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БАКТЕРИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ

1.5.1 Судың физикалық қасиеттері

Судың негізгі қасиеттеріне мыналар жатады: түсі, иісі, дәмі, мөлдірлігі, температурасы, тығыздығы, сығылғыштығы, тұтқырлығы, радиоактивтілігі және электр өткізгіштігі.

Жерасты суларының ***түсі***, оның химиялық құрамына және механикалық қоспаларына байланысты, әдетте, жерасты сулары түссіз. Сарғыш түс, құрамында шіріген заттары бар батпақ текті суларға тән.

Күкіртсутекті сулар, H_2S қышқылдануы және күкір бөлшектерінен тұратын, жұқа коллоидты тұнбаның түзілуінен, көк жасыл реңке ие. Судың түсі градуспен стандартты платин кобальтты шкала бойынша бағаланды.

1.5.1.1-сурет. Платин-кобальтты шкала

Бұл шкалада судың түсі, платина және кобальт тұздарының ерітінді түсімен салыстырылады, ал сандық мән ретінде үлгі ерітіндісіндегі осы тұздардың концентрациясы қолданылады, онда оның түсі өлшенетін су түсіне сәйкес келеді. Қазіргі ғалымдар осындай өлшеулерді, барлық қажетті ерітінділерді авоматты түрде араластыратын, компьютерлік кешендер арқылы жүргізеді, ал түстерді салыстыру көбінесе спектрограф арқылы жүргізіледі.

Жерасты суларындағы ***иіс,*** әдетте болмайды. Иісті сезу немесе биохимиялық шығу тегіндегі газдардың болуы (күкірсутек) немесе шіріген органикалық заттардың болатындығы айғақтайды. Иіс сипаты сипаттамалық түрде беріледі: иіссіз, күкіртсутекті, батпақты, шіріген, зеңденген әне т.б. Иіс қарқындылығы баллмен шкала бойынша бағаланады. [5]

1.5.1.2 –сурет. Иіс қарқындылығын анықтау

Судың ***дәмі,*** ерітілген заттардың құрамына байланысты. Тұздалған дәм, хлорлы натриймен, ащы- магний сульфатымен, тот басқан- темір тұздарымен туындайды. Тәттілеу дәм органикалық заттарға бай суларға тән, бос көмір қышқылының болуы жағымды сергіткіш дәм береді. Судың дәмі балламен кесте бойынша бағаланады.

Жерасты суларының ***мөлдірлігі,*** онда ерітілген минералды заттардың санына, онда механикалық қоспалар мен органикалық заттар мен коллоидтердің болуына байланысты. [5]



1.5.1.3-сурет. Айқаршық бойынша судың мөлдірлігін анықтауға арналған аспап

Айқаршық бойынша. Су бағанының шекті биіктігін табу, сол арқылы желі қалыңдығы 1 мм және төрт қара дөңгелекшелерде диаметрі 1 мм тең ақ түсте қара крест қаралады. Анықтау жүргізілетін цилиндр биіктігі 350 см кем болмауы қажет. Оның түбінде кресті бар фарфор пластинка орналасқан. Цилиндр бөлігі 300 Вт шаммен жарақталған.

Судың мөлдірлік дәрежесін көрсету үшін, келесі номенклатура қолданылады: мөлдір, әлсіз-мөлдір, әлсіз- опалесцир, аздап лай, лай, қатты лай. Жерасты сулары, әдетте мөлдір болады. Судың лайлылығы стандартты шкала бойынша мг/л бағаланады.

Жерасты суларының ***температурасы өте кең шекте өлшенеді және ауданның*** геотермиялық ерекшеліктеріне байланысты. Ол суды жылжытатын қалыңдықтың жас, тектоникалық, литологиялық және гидротехникалық ерекшеліктеріне байланысты. Су температурасы химиялық құрамына,

тұтқырлығына және сүзгілеу температурасына ықпал етпейді. Табиғи жағдайларда жер асты сулары, өте салқындатылған, салқын, термалды, қыздырылған болуы мүмкін. [2]

1.5.1.4-сурет. Су тығыздығын анықтау

Судың ***тығыздығы,*** белгілі температура кезінде оның масасының көлеміне ара қатынасын анықтайды. Сы тығыздығының бірлігі үшін, 4^0С температурада тазартылған су тығыздығы қабылданған. Судың тығыздығы, температураға, ондағы ерітілген тұздар, газдар және өлшенген бөлшектер санына байланысты және 1 -ден 1,4 г/см^3 дейін өлшенеді

Судың ***сығылғыштығы*** болмашы ғана және сығылғыштық коэффицентімен сипатталады, $\beta = (2{,}7 - 5)10^{-5}\ Па$. Судың тұтқырлығы, сұйықтық бөлшектерінің оның қозғалуына ішкі кедергісін сипаттайды, сан түрінде ол динамикалық және кинематикалық тұтқырлық коэффицентімен көрсетіледі.

Жерасты суларының ***электрөткізгіштігі***, ондағы ертілген тұздар санына баланысты. Тұщы сулар болмашы электрөткізгіштігіне ие. Тазартылған су оқшаулағыш болып саналады. Судың электрөткізгіштігін, шекті электр кедергісі бойынша бағалайды, ол Ом-мен беріледі және 0,02-ден 1,0 Ом-ға дейін өзгереді.

Сулардың ***радиоактивтігі,*** ондағы радон, радий эманациясының болуымен анықталады. Сирек жағдайларда, жерасты сулары осы немесе басқа дәрежеде радиоактивті. [5]

Судың жарамдылық нормалары. ҚР Сан ПиН 2015 жылғы 16.03 №209.1.5.1.1-кесте

Көрсеткіштер	Сан ПиН
Стандартты шкала бойынша лайлылық, мг/л	>1.5 (2) емес
Платинді-кобальтті шкала бойынша түстілік, мг/л	< 20
20^0С балл кезіндегі иіс, балл	2
20^0С балл кезіндегі татым	>2 емес
Белсенді реакция. pH	6 - 9
Құрғақ қалдық, мг/л	1000(1500) дейін

Жалпы қаттылық, мг экв/л	7 (10)
Хлоридтер, Cl^{-}, мг/л	<350
Сульфаттар, SO_4^{2-}, мг/л	<500
Темір, $Fe^{2-} - Fe^{3-}$, мг/л	<0,3
Марганец, Mn^{2+}, мг/л	<0,1(0,5)
Мыс, Cu^{2+}, мг/л	<1
Мырыш, Zn^{2+}, мг/л	<5
Қалдық алюминий, Al^{3+}, мг/л	<0,5
Қорғасын, Pb^{2+}, мг/л	не >0,03
Күшән, As^{3+5+}, мг/л	не >0,05
Фтор, F:	
а)ІжәнеII климаттық аудандар үшін, мг/л	1,5
б) III үшін, мг/л	1,2
в) IV үшін, мг/л	0,7
Бериллий, Be^{2+}, мг/л	0,0002
Молибден, Mo^{2+}, мг/л	>0,25 емес
Нитраттар, по N, мг/л	>45 емес
Аммиак, по N, мг/л	>2 емес
Полиакриламид, мг/л	>2 емес
Селен, Se^{2+}, мг/л	>0,01емес
Стронций, Sr^{2+}, мг/л	>7 емес
Табиғи уран, Uжәне уран – 238, мг/л	1,7
Радий 226, Ra. БК	14,8
Стронций-90. БК	7,0мг/π
Сынап, Hg, мг/л	0,0005
Никель, Ni, мг/л	>0,1 емес
Кобальт, Co, мг/л	0,1
Кадмий, Cd, мг/л	0,001
Барий, Ba^{2+}, мг/л	0,1
Фенолы, мг/л	0,25
Хром, Cr^{6+}, мг/л	0,05
Хром, Cr^{3+}, мг/л	0,5
Нафтен қышқылдары, мг/л	0,3

1.5.2 Судың химиялық құрамы

Судың химиялық құрамы органикалық және органикалық емес заттармен анықталады. Анағұрлым маңызды болып органикалық емес құрамды заттар саналады.

Жерасты суларында ерітілген минералды компоненттер (органикалық емес), олардың концентрациясына байланысты микро-, макро-, ультра компоненттерге және радиоактивті компоненттерге бөлінеді.

Макрокомпоненттер санына басты иондар) келесі аниондар жатады: Cl^-, SO_4^{-2}, HCO_3^- (гидрокарбон), катиондарға: K^+, Na^+, Fe^{+2}, Ca^{+2}, Mg^{+2}. Бұл иондар, әдетте барлық ерітілген тұздардың 90-95% астамын құрайды және судың химиялық типін анықтайды. [7]

Олай болса, жерасты сулары анионкатиондық басым құрам атауын алады.

Иондардың атауын пісірілген тұз электролизін мысалға ала отырып қарастырамыз.



1.5.2.1-сурет. Ас тұзының электролиз үдерісі

Табиғи сулардағы негізгі иондардың (макрокомпоненттер) сипаттамасы. [5]

ТО теріс зарядты иондар, оң полюске (анод) жібеірледі, олай болса **аниондар** (Cl^-, SO_4^{-2}, HCO_3^- және т.б.), оң зарядталған иондар (металлдар) теріс полюсті (катод) электр өрісіне жіберіледі жәнеолар **катиондар** ($Ca^{+2}, Mg^{+2}, K^+, Fe^{+2}$ және т.б.) деп аталады.

а) хлорлы иондар орын ауыстыруға көбірек бейім (ауысу) болып саналады, сондықтан да олар түгелдей дерлік барлық су типтерінде кездеседі, галитте түзіледі;

б) *сульфатты иондар,* сонымен бірге қозғалуға бейім, бірақ кальций иондарымен байланысады, сульфидтердің негізгі көздері – бұл магмалық шығу текті жыныстар, сонымен қатар гипстер, ангидридтер;

в) *гидрокарбонатты иондар,* көмір қышқылында және құрамында әктасы бар жыныстарда түзіледі.

Na катионы, бәрінен бұрын табиғатта таралған, галиттен түзіледі, бұған қоса топырақтан кальций мен магнит ығыстырылады.

Калий жеңіл ерітілетін қосылыстардан түзіледі, бірақ жер асты суларындағы оның құрамы оның өсімдіктермен шайылуы нәтижесінде азаяды.

Магний, кальций желге мүжілген өнімдерден түзіледі. Бірге таралған, суға қаттылық қасиет береді. Көздері - карбонаттар.

Суда газ құрамы, бейтарап молекулалар түрінде және ион түрінде болуы мүмкін.Судағы анағұрлым кең таралған газ санаттары мыналар:

Ауа (O_2, N_2, He), диохимиялық (метан CH_4, H_2), химияық (H_2S), радиоактивті (Ra, Rn). [8]

1.5.3 Судың химиялық қасиеттерінің негізгі көрсеткіштері

Химиялық құрамы бойынша, судың қасиеттерін сандық бағалау үшін келесі көрсеткіштер қолданылады:

I. Минералдандыру М – бұл су құрамындағы барлық минералды заттар жиынтығы, ол құрғақ қалдық бойынша анықталуы мүмкін (г/л; мг/л).

Табиғи суларды минералдау көлемі бойынша келесі топтарға бөледі:

а) ультра тұщы М < 0,2 г/л;
б) тұщы М (0,2 – 1) г/л;
в) тұздылау М (1 – 3) г/д;
г) қатты тұзды М (3 – 10) г/л;
д) тұзды М (10 – 50) г/л;
е) әлсіз тұздылық М (50 – 100) г/л;
ж) қатты тұздылық М < 100 г/л.

<u>TDS-3 тасымалды тұз өлшегіш</u>

TDS-3 тұз өлшегіші, суды тазартатын барлық жүйелерге, ағын суларды тазарту дәрежесін реттеу үшін керемет сәйкес келеді.

1.5.3.1-сурет Тасымалды тұз өлшегіш

II. Сутекті көрсеткіш РН – бұл кері белгімен алынған, сутегі H^+ иондарының концентрациясының ондық логарифмдері, РН =-ℓq [H^+].

Төмендегідей жіктелімі бар:

а) өте қышқыл судың РН –тен кіші;
б) қышқыл су РН 5-7;
в) бейтарап су РН 7;
г) сілтілі су РН 7-9;
д) жоғары сілтілі су РН > 9.

Жерасты сулары Рн 6-8 тең. Кен орындары аудандарында РН 5-тен кем.

<u>pH- метр-милливольтметр-pH-410</u>

pH-метр- pH-410 милливольтметрі, қоршаған орта нысандары мен өндірістік технологиялық үдерістерді бақылау жүйелеріндегі ауыз суды, азық-түлік өнімдері мен шикізаттарды талдау кезінде қолданылады. pH-метр- pH-410 милливольтметрі өндірістік, ғылыми-зерттеу зертханаларында; стационарлы және жылжымалы, сонымен қатар далалық зертханаларда пайдаланылады.

1.5.3.2-сурет. pH-метр

<u>Тест-комплект pH</u>

Тест-комплект pH ауыз-су, табиғи және нормативті-тазартылған ағын сулардағы сутекті көрсеткіштерді (сутекті иондар концентрациясының теріс ондық логарифмі) жедел анықтау үшін арналған. Анықтау әдістері: көз мөлшермен-колориметрлік.

1.5.3.3 –сурет. Тест-комплект pH



1.5.3.4-сурет. pH индикациялық анықтау әдісі

III. Судың қаттылығы – суда Ca^{+2}және Mg^{+2} иондарының болуына негізделеді, литр үшін милимольмен көрсетіледі (ммоль/л).

Үш қаттылық түрі ажыратылады: жалпы (ЖҚ), жойылатын (ЖҚ), (карбонатты) тұрақты (карбонатты емес) (ҚЕ) HCO_3^-.

Жойылатын, уақытша немесе карбонатты қаттылық Са және Mg карбонатты тұздармен (гидрокарбонаттар) көрсетілген, қайнатылғаннан кейін кетіріледі. Тұрақты (жойылмайтын, карбонатты емес), сульфаттар, хлоридтер және басқа да карбонатты емес Са және Mg тұздарының болуына негізделеді.

Аталған қаттылық түрі тек химиялық жолмен ғана жойылады, жалпы қаттылық пен карбонатты арасында әртүрлілік анықталады.

Қ.Е.=Ж.Қ.-Ж.Қ.

Жалпы қаттылық Са және Mg иодарының жиынтық құрамына негізделген.

Төмендегідей жіктелімі бар:

а) өте жұмсақ су – егер жалпы қаттылық 1,5 ммоль/л-ден аз болса;

б) жұмсақ су 1,5-3 ммоль/л болса;

в) қоңыр салқын қатты су 3-6 ммоль/л;

г) қатты су 6-9 ммоль/л;

д) 9 ммоль/л-ден астам өте қатты.

IV. Жерасты суларының жемірлігі, суда сутегінің, диоксидтердің (CO_2, O_2, NO_2) кальций сульфатының болуына байланысты. Темір бетон жәе металдарға қатысты жебірлігін айырады. Келесі жебірлік түрлері ажыратылады:

а) *сілтісіздендіру жемірлігі* – карбонатты қаттылықты болуымен анықталады, су егер карбонатты қаттылық 0,54-2,14 ммоль/л-ден көп болса, бетонға жебірлі болып саналады;

б) *жалпы қышқылдық жемірлігі*, PH көлемімен анықталады: 1) PH 5-тен аз болса, әлсізөткізгіш қабаттар үшін су жебір болып саналады; 2) жоғары суөткізгіш қабаттар үшін су PH < 7 және ЖҚ< 8,6 мг-экв./л, не болмаса PH<6,7 , ал ЖҚ> 8,6 мг-экв./л болғанда жебір болып саналады.

в) *Көмірқышқылды жемірлігі,* CO_2 болуымен анықталады, су өткізгіштігі жоғары қабаттарда, егер $[Ca^{2+}]+b\ [CO_2]$ көбірек болса жемір болып саналады, ондағы a және b коэффициенттері [2,21-бет] бойынша анықталады.

г) *Сульфатты жемірлігі,* SO_4 болуымен анықталады. Cl және SO_4^{-2} иондарының ара қатынасымен анықталады.

д) *Магнезилді жемірлігі,* суда магний иондарының болуымен анықталады, егер магний құрамы 5000 мг/л-ден көп болса, су жемір болып саналады, бұл жерде құрамында SO_4 болуы тежеуіш рөл атқарады. [5]

Химиялық талдау түрлері және оларды көрсету нысандары

<u>Химиялық талдауға арнаған ыдыс-яқ жиыны</u>

Химиялық талдау үшін арналған ыдыс-аяқтар жиыны, әртүрлі ерітінділер мен сұйықтықтар көлемін іріктеу, дәл өлшеу және мөлшерлеу, ерітінділер дайындау, суспенсиялар мен жүзгіндерді сүзгілеу, химиялық талдау кезінде титрлеу және оларға зертханалық жағдайларды дайындау үшін көпатқарымды арналған.

1.5.3.5 –сурет. Тасымалды тұз өлшегіш

Жерасты суларының сапасын бағалау үшін, келесі талдау түрлері бар:

1. *Далалық химиялық талдау* – далалық жағдайларда арнай зертханалардың (Резников) көмегімен жүргізіледі, келесі компоненттері анықталады: PH, қаттылық, макро – компоненттер (Cl^-, HCO_3^-, SO_4^{-2}, Na) кальций, II және III темір, SO_2, H_2S.

Осы әдістің ерекшелігі: жүргізу жылдамдығы, құрақ қалдық бойынша бақылаудың мүмкін болмауы.

<u>НКВ-1 суды талдауға арналған далалық зертхана</u>

Су сапасының көрсеткіштерін анықтауға арналған НКВ-1 зертханасы, зертханалық және далалық жағдайларда судың сапа көрсеткіштерін анықтау үшін арналған. НКВ-1 зертханасы, ауыз-сулар мен табиғи суларды, сонымен қатар қолданыстағы нормативтік-техникалық құжатта негізінде, нормативті-тазартылған ағын суларды жедел-бақылауды орындауға мүмкіндік береді.

1.5.3.6 –сурет. Суды талдаудың далалық зертханасы

<u>Суды талдауға арналған НКВ-12 үстел зертханасы</u>

Суды талдауға арналған НКВ-12 үстел зертханасы, ауыз-сулар мен табиғи суларды 20 маңызды көрсеткіштер бойынша (шаруашылық—тұрмыстық, мәдени-тұрмыстық мақсатта қолданылатын су қоймаларының сулары, беткі су көздері және т.б.) талдау үшінарналған.

1.5.3.7-сурет. Далалық химиялық зертхана

2. *Қысқартылған химиялық талдау,* стационарлық жағдайларда, анағұрлым дәл әдістермен, физикалық қасиеттерін, PH; микрокомпоненттерді, темірді (екі-үш валентті), барлық қаттылық және жемірлік түрлері бойынша кальцийді, магнийді NH_4, H_2S, NO_2^- NO_3^-, SO_2, құрғақ қалдықтарды анықтау арқылы жүргізіледі. Аталған талдау құрғақ қалдық бойынша бақылауға ие, соныдықтан да анағұрлым дәл болып есептеледі.

1.5.3.8-сурет. Зертхана

3. *Толық химиялық құрамы* - стационарлық химиялық зертханаларда судың химиялық құрамын егжей-тегжейлі сипаттау үшін жүргізіледі. Қысқартылған талдауда атап көрсетілген компоненттерден басқа, талдау кезінде, натрий мен калий иондары, микрокомпонеттер мен радиоактивті элементтер анықталады. Осы талдау анағұрлым дәл болып саналады, себебі құрғақ қалдықтар бойынша ғана анықтамаларды бақылау жүргізуге ғана емес, сонымен қатар катиондар мен аниондардың мили-моль сомалары бойынша жүргізуге мүмкіндік береді.

4. *Арнайы талдау* – қанай да бір міндеттерді шешу үшін (емдеу немесе өнеркәсіп суларындағы жекелеген микрокомпоненттерді зерделеу, сирек кездесетін және таралған компоненттерді, газдарды, гидрохимиялық іздеу кезіндегі органикалық және басқа заттарды зерделеу) жүргізіледі.

Суды химиялық талдау нәтижелерін бейнелеп көрсетудің негізгі нысаны, 1 литр суда граммен немесе милиграммен ерітілген заттардың массалық ион түрлері болып саналады. [2]

Химиялық талдау нәтижелерін график түрінде бейнелеп көрсету әдістері

Сығылған қима немесе кішірейтілген қима қ-қ ара қашықтығында тұрады және ондағы қысым $P_{атм}$ тең, сығылуя коэффициенті енгізіледі, $E = \frac{\omega_c}{\omega} < 1$

Жұқа қабыралардағы кіші саңылаулар үшін, E=0,64. Саңылау қаншалықты кіші болса, E соншалықты үлкен болады.

Батырылған саңылау – ондағы сұйықтық атмосфераға ағып шықпайды, басқа сұйықтық деңгейінен төмен ағады.

Батырылмаған саңылау – ондағы сұйықтық атмосфераға шығады.

Саңылаулардың түбі мен бүйр қабырғаларында орналасуына байланысты, толық және толық емес сығылу түрлері ажыратылады.

Толық сығылу кезінде, ақырын ағыс барлық жағынан сығылады.

Толық емес сығылу кезінде – саңылау ыдыстың бір немесе екі қабырғаларымен жанасады және бұл жерлерде сығылу болмайды (3,4-нұсқа). Сонымен қатар, жасалған және жасалмаған сығылу болады.

Жасалған сығылу кезінде, саңылау қабырғаларынан 3 а және 3 б (1-нұсқа) астам қашықтықта болады.

Жасалмаған сығылу – саңылау қабырғаларынан 3 а және 3 б (2-нұсқа) кем қашықтықта (жасалған және жасалмаған толық сығылуға жатады) болады.

Саптамалар

Саптама деп, диаметрі (d) және ұзындығы (*l*) бар қысқа құбырды атайды, оған қоса*l*=(3,5-4)d.

Суретте саңылауға қосылған, цилиндр саптама көрсетілген, егер оны мөлдір материалдан (шыны) жасайтын болса, онда келесі құбылыстарды байқауға болады: тоқ желісінің майысуы нәижесінде, сығылған қима ω_c пайда болады, содан кейін ағыс кеңейеді, саптамалардың толық батырылуы В-В қимасында болады, сығылған қима жанында вакуум аймағы пайда болады, онда сұйықтықтар мен одан бөлінетін газдар мен булар болады.

Сұйықтықтың ағу жылдамдығы, арыннан А шығатын толық арынның көбеюінен - ауырлық орталығындағы саңылаулар мен күрделі қимадағы вакуумметрлік биіктік өседі. [6]



3.7.1.4 –сурет. Цилиндр саптамалар

Саңылаулар мен саптамалар арқылы тұрақты және ауыспалы арындарда сұйықтықтың ағып шығуын есептеу.

Тұрақты тегеурін кезіндегі жұқа қабырғаларда кіші саңылаулар арқылы су шығыны.

$Q = \omega_c \bullet \upsilon\upsilon = \varphi\sqrt{2gh}\ \omega_c = \varepsilon \bullet \omega$ (кіші саңылау үшін)

$Q = \varphi\sqrt{2gh}\ \bullet 0,64\omega$ $\qquad \varphi = 0,97$

$Q = 0,64 \bullet \omega \bullet 0,97\sqrt{2gh}\ = 0,62\sqrt{2gh}\ \omega\varepsilon \bullet \varphi = const = \omega$

$\mu = \varepsilon \bullet \varphi$

$\mu = 0.64 \bullet 0.97 = 0.62$

μ – *жасалған сығылу* кезінде, жұқ қабырғаларда кіші саңылау арқылы сұйықтықтың ағып шығу шығынының коэффициенті.

Жасалмаған сығылу кезінде, кіші саңылаулар арқылы су шығыны.

$$Q = \mu_{нел}\omega\sqrt{2gh} \quad (3.7.1.1)$$

$$\mu_{нел} = \mu\left(1 + c\frac{n}{P}\right) \quad (3.7.1.2)$$

n-Сығылу болмайтын периметр бөлігі

P-саңылау периметрі

c- дөңгелеу саңылауларды коэффиценті- 0,13; тік саңылаулар үшін- 0,15.

Цилиндр сыртқы саптамалар арқылы судың шығыны

Мына формула бойынша есептеледі:

$$Q = 0,62\sqrt{2gh}\ \omega\mu = 0.62 \quad (3.7.1.3)$$

$$\mu = \varepsilon \bullet \omega \bullet \varphi \quad (3.7.1.4)$$

Басқа саптамадан судың шығуы мына формула бойынша есептеледі:Тек ғана $\mu = 0.71$ цилиндр ішкі саптамалар үшін; $\mu = 0.95$ - конус тәрізді жинақталатын ; $\mu = 0.97$-коллоидальды; $\mu = 0.45$конус тәрізді айырылатын.

Ауыспалы тегеурін кезінде, жұқ қабырғалардағы кіші саңылаулар арқылы су шығыны.

Ауыспалы тегеурін кезіндегі сұйықтықтың ағып шығуы, бәк толық босағанға дейін орнатылмаған режимде болады, тегеурін мен жылдамдық тұрақты өзгереді.

Есеп бәктің толықтай босайтын, уақытты анықтау үшін жүргізіледі.

$$t = \frac{2V}{Q} \qquad V = \omega \cdot h$$

ω –қима ауданы.

h - бәктің биіктігі.

$$t = \frac{2V}{0,62 \cdot \omega\sqrt{2gh}} \quad (3.7.1.5)$$

Суағарлар арқылы сұйықтықтың ағып шығуы

Суағар – бұл ағын жолындағы ашық кедергілер, сол арқылы ол құйылады.

Суағарлар мынаған бөлінеді:

1. Жұқа қабырғалы суағарлар.
2. Кең қабырғалы суағарлар.



3.7.1.5-сурет. Суағардың сызбасы

Жұқа қабырғалы суағарлар, егер с<0,5Н (суағардың жотасынан *а* бастап, жоғары бьефтегі ағын бетіне дейінгі ара қашықтық)

Бьеф – суағар бөлігі, өзендер немесе су құбырларының құрылысына (тоған, шлюз) жалғасып жатқан арналар (су бөгеті, шлюз). Мынадай түрлерін айырады: су құбырлары құрылысының алдында тұрған, ағыс бойынан жоғары орналасқан жоғарғы бьеф, және су құбырлары құрылысының басқа жағына ағуы бойынша төмен тұрған төменгі бьеф.

Сонымен бірге, ағыстар мен қабырғалар арасында ауа көпшігі пайда болды.

Егер с>0,5Н болған жағдайда, онда жұқа қабырғасы бар суағардан айналып ағады, ондағы $в_б$ және $н_б$ – суағар қабырғаларынан жоғары және төмен орналасқан, бьеф учаскелері,

а – суағар жотасы (меже).

с- суағатын қабырғаларының қалыңдығы.

Ḥв.б және hн.б. – жоғарғы және төменгі бьефтегі ағын тереңдігі.

Р в.б. және Р н.б. – жоғарғы және төменгі бьеф жағынан суағар межесінің биіктігі.

Н – К-К жармасындағы жоғарғы бьефте өлшенетін суғардағы тіреу, р– бұл суағар қабырғаларынан бастап, К-К қимасына дейінгі ара қашықтықL, ол (3-5) Н тең.

z- в.б және н.б. су деңгейін белгілеу айырмасы

Суағарлар келесі белгілеір бойынша топтастырылады.

1. Қабырға қалыңдығы бойынша:

а) Жұқа қабырғалар

б) Қалың қабырғалар

в) Тәжірибелік бейіні.



3.7.1.6-сурет. Тәжірибелік бейіндегі суағар

2. Суағар саңылауларының геометриялық формасы бойынша.
а) Тікбұрышты
б) Трапециялы
в) Үшбұрышты суағарлар.



3.7.1.7-сурет. Қабырғаларының кесу бойынша суағар тұрпаттары а – тікбұрышты, б – трапециялы, в – үшбұрышты

3. Жоспарда меженің орналасуы бойынша.
а) Тік, яғни жоғары бьефтегі ағын бағытына перпендикуляр.
б) Қиғаш, меже ағын бұрышында орынласқан кезде.

4. в.б және н.б. деңгейлерінің өзара орналасуы бойынша
а) Батырылмаған, онда hн.б.<Р н.б.
б) Батырылған, онда hн.б.>Р н.б және z/Р н.б.<0,7

5. Су ағысының өту жағдайы бойынша:
а) Бүйір сығылусыз, аңғардың ені = суағар саңылауының ені тең.
б) Бүйірден сығылу арқылы, В аңғарының ені суағар сңылауынан артық, соның нәтижесінде ағыс межесі арқылы құйылды, бүйір сығылу сыналады және оның ені в<В тең.

Суағарлар арқылы су шығынын есептеу формуласы.

1.Тікбұрышты суағар:

а) Бүйірден сығылусыз, батырылмаған суағарлар үшін, шығын келесі формула бойынша есептеледі: 6$Q = m_0 b\sqrt{2g} * H^{3/2}$немесе$Q = mb2g\sqrt{H^{3/2}}$(3.7.1.6)

m_0 –ағынның суағарға ауысу жылдамдығына v_0байланысты, ал m коэффиценті v_0байланысты емес.

$$m = 0.405 + \frac{0.002}{H};\ m_0 = (0.405 + \frac{0.002}{Y})\left[1 + 0.55(\frac{H}{H+Pнб})^2\right]$$

б) бүйірден сығылатын гидротехникалық құрылыстар үшін:

$$Q = m_0 b\sqrt{2g}H^{\frac{3}{2}}$$

$$m_0 = \left(0.405 + \frac{0.0027}{H} * 0.03\right)\frac{B-b}{B}\left(1 + 0.55\left(\frac{H}{H-P_b}\right)^2 \frac{b^2}{B^2}\right)$$

в) батырылған суағарлар үшін:

$$Q = m\sigma_3 bH\sqrt{2gH}$$

ондағы, σ_3 – белгілі белгілер кезінде батыру коэффиценті мына формула бойынша есептеледі:

$$\sigma_3 = 1.05\left(1 + 0.2\frac{H-Z}{P_{n.b.}}\right)\sqrt[3]{\frac{Z}{H}} \quad (3.7.1.7)$$

Бұл формулалар келесі шектерде қолданылады:

b=0.2-2.0м;

$P_{н.б.}$=0,24-1,13м;

H=0,05-1,24м

2.Трапецилы суағар.

$$Q = 1.86bH^{\frac{3}{2}} \quad (3.7.1.8)$$

3. Үшбұрышты суағар.

$$Q = 1.4H^{\frac{5}{2}} \quad (3.7.1.9)$$

3.8 7 –ТАРАУ. АШЫҚ АҢҒАРЛАР МЕН АРНАЛАРДАҒЫ СҰЙЫҚТЫҚТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ.



3.8.1сурет. Аңғар учаскесі

Қозғалысты біркелкі орнатылған ретінде қарастырамыз.

$$Z_1 + \frac{P_1}{\rho g} + \frac{\alpha_1 v_1^2}{2g} = Z_2 + \frac{P_2}{\rho g} + \frac{\alpha_2 v_2^2}{2g}$$

$P_1 = P_2 v_1 = v_2 Z_1 \neq Z_2$

$$Z_1 = Z_2 + h_w$$

$$Z_1 - Z_2 = h_w$$

$$h_W = \lambda \frac{L}{d} \bullet \frac{v^2}{2g}; \quad \frac{z_1 - z_2}{L} = \frac{v^2}{c^2 R}$$

$\frac{z_1 - z_2}{L} = J$ – бос беттегі гидравликалық ауытқу.

Егер тегеурін шығынын екі қима арасындағы ағын жолына жатқызатын болсақ, онда ағынның гидравликалық ауытқуын аламыз.

$J = \frac{\lambda}{d} \bullet \frac{v^2}{2g}$ R=d/4 →d=4r, d-ны гидравликалық радиус арқылы өрнектейміз.

$$J = \frac{\lambda}{R} \bullet \frac{v^2}{2g} = \frac{v^2}{c^2 R}$$

$C = \sqrt{\frac{8g}{\lambda}}$ *Шези коэффициент;* $\upsilon^2 = c^2 JR$

$v = c\sqrt{JR}$ *Шези формуласы* (3.7.1.10)

Арнаның гидравликалық пайдалы қимасын анықтау. Ашық аңғарлар мен арналардағы ағын жылдамдығын анықтауға арналған Шези формуласы. Сонымен қатар, ағын шығынын анықтау үшін, (гидавликалық радиус қаншалықты үлкен болса, ағын шығыны соншалықты үлкен болатын туралы айтылады). Гидравликалық радиустың өсуі, шылану периметрінің кемуімен анықталады: $R = \frac{\omega}{\chi}$

Соныдқтан да, анағұрлым үлкен шығын, топырақтың сумен аз байланысуын анықтайтын, арнаның жартылай пішінінде мүмкін болады.

Бұл жартылай пішінді аудан, тәжірибеде қабырғаларын бекіту қиын болғанда қолданылады.

Тәжірибеде арнаның трапеция тәрізді пішіндері қолданылады, оның келесідей артықшылықтары бар:

1. Шеңберге жақын гидравликалық пайдалы пішін.
2. Арнаның орнақты қабырғалары.
3. Қолайлы жабу пішіні.

Арна пішінін таңдағаннан кейін, пайдалы жылдамдық анықталады, ол тұнбаланғаннан (V_{min}) жоғары, ажыратылғаннан төмен (V_{max}) болуы қажет.

$$v_{\min} \lhd v_{cp} \lhd v_{\max}$$

$$v_{\min} = A \cdot Q^{0.2}$$

А–Топырақ литологиясына байланысты

Q-арна шығыны

Vmax-мүжілу жылдамдығы мен құрамының қырлары анықталады. [6]

3.8.1 Кәріз құбырларын есептеу

Аймақты құрғату және топрырақ суы деңгейін жасанды жолмен төмендету кезінде. Мысалы, ПҚКО әзірлеу кезінде су сіңдіру жұмыстары қолданылады.

Дренаж асбестті-цемент құбырларды қолдану анағұрлым кең таралған, олардың периметрі бойынша саңылауы болады, оған су өтеді. Құбыр бойымен ол суағарға жиналады.

Құбырларды толық басып қалу жағдайын қарастырамыз, бұл жағдайда кәріз құбырлары арынсыз жүйе ретінде жұмыс істейді: $4\omega = \frac{\pi d^2}{4}$.

Оның шылану периметрі болады: $\chi = \pi d \Rightarrow R = d/4$

Ағын жылдамдығын анықтау үшін, Шези формуласын қолданамыз, диаметрі арқылы гидравликалық радиусты көрсетеміз:

С коэффицентін Куттер формуласы арқылы анықтауға болады:

$$c = \frac{100}{1 + \frac{K}{\sqrt{R}}} = \frac{100}{\alpha + \frac{2K}{\sqrt{d}}} \quad (3.8.1.1)$$

К – бұдырлық коэффиценті 0,27

Аталған формула v=0.15-1м/с болғанда жылдамдығында қолданылады.

Аталған шарт Шези формуласы бойынша ауытқуды анықтау үшін құбырларды төсеу кезінде анықталады. [6]



3.8.1.1-сурет. Кәріз құбырлары

Тәжірибелік тапсырмалар

1-есеп. Су диаметрі d = 4 смқұбыр бойына t = 12 °С температурамен беріледі. Ағын шығыны,Q = 7(Х.см^3/с. Ағын режимін анықтаңдар және құбырлардың көлденең қимасының ортасына енгізілген, бояу ағысыны қозғалысын сипаттаңдар. Қандай шығын кезінде қозғалыс режимі өзгереді?

2-есеп. Диаметрі d_x = 40 мм тең құбыр бойымен су Uj = 4,96 см/с жылдамдықпен және t — 12 °С температурамен беріледі. Құбыр d_2 = 20 мм диаметрге дейін бірте-бірте сығылады. Су шығынын және құбырлардың кең және тар жерлеріндегі қозғалыс режимін анықтаңдар.

3-есеп. Диаметрі - 10 мм, қозғалыс жылдамдығы - 10 м/с, судың кинематикалық тұтқырлығы - 0,01 см^2/с, мұнай - v = 0,5 см^2/с. Тегіс құбыр бойындағы су мен мұнайдың қозғалыс режимін анықтаңдар.

4-сеп. Шарт 3.3.-есепте берілгендей, бірақ құбырдың диаметрі 100 мм.

5-есеп. Диаметрі 10 және 0,1 см. Температурасы t = 20 °С болғанда,

судың тұтқырлығы- v = 0,01 см^2/с. Тегіс құбырлар бойымен кинетикалық жылдамдықты1>сынижәне судың қозғалысын есептеңдер.

6-есеп. (Оқулық бойынша шығару).

Қозғалыс орын алатын сулы құмды қабаттағы келесі жағдайларда Дарси заңының болатынын анықтаңдар: Сүзгілеу жылдамдығы v = 86,4 м/тәу; құмның белсенді кеуектілік коэффициенті **n**= 0,3; құм бөлшектерінің тиімді диаметрі d = 1 мм;судың кинематикалық тұтқырлығы,v = 0,01 см^2/с.

7-есеп. Тікбұрышты науа бойымен мұнайдың қозғалыс режимін анықтаңдар.Табанының ені- 20 см. науадағы мұнай қабатының биіктігі- 30 см; мұнайдың ағу жылдамдығы, v = 40 см/с; мұнайдың кинематикалық тұтқырлығыv = 0,5 см^2/с.

8-есеп. Су температура = 15 °С болғанда, диаметрі -0,1 м құбыр бойына Q = 30 л/с шығынмен беріледі. Қозғалыс режимі мен өзгеретін жылдамдықты анықтаңдар. [4]

Тақырып бойынша бақылау жұмыстарын орындауға арналған тапсырмалар

1 - нұсқа

Трапеция пішінді арнаның түбі бойынша ені*b*=37м, тереңдігі*h*=2,5м. Арнаның тікжақтауының коэффиценті-*m*=1,5. Ағынның орташа жылдамдығы-*v*=2,3 м/с. Мыналарды анықтау қажет: нақты қима ауданы;шылану периметр; гидравликалық радиус; ағын шығыны.

2 - нұсқа

Трапеция тәрізді арнаның түбі бойымен ені*b*=15м, тереңдігі*h*=1м. Арнаның тікжақтауының коэффиценті*m*=1. Ағынның орташа жылдамдығы*v*=1,5м/с.Мыналарды анықтау қажет: нақты қима ауданы; шылану периметр; гидравликалық радиус; ағын шығыны.

1-нұсқа

Ағын жармасындағы өлшеулер нәтижесінде, өлшеу тігінінің 5 тереңдігі алынды:

h_1= 0,5 м;
h_2= 0,7 м;
h_3= 1,8 м;
h_4= 1,5 м;
h_5= 0,5 м;

Тік арналардағы жекелеген учаскелердегі орташа жылдамдық:

v_{0-1}= 0,2 м/с;
v_{1-2}= 0,5 м/с;
v_{2-3}= 0,7 м/с;

v_{3-4} = 0,9 м/с;
v_{4-5}= 0,8 м/с;
v_{5-6} = 0,6 м/с.

Өлшеулі тік арасындағы ара қашықтық бірдей және 10 м тең.

Өзеннің көлденең қимасын құру және орташа ағыс жылдамдығын анықтау қажет.

2 -нұсқа

Өзен жармасындағы өлшеулер нәтижесінде, өлшеу тігінінің 5 тереңдігі алынды:

h_1= 0,5 м;
h_2= 1,7 м;
h_3= 1,8 м;
h_4= 1,5 м;
h_5= 0,5 м;

Тік араларындағы жекелеген уаскелердегі орташа жылдамдық:

v_{0-1}= 1,2 м/с;
v_{1-2}= 1,5 м/с;
v_{2-3}= 1,7 м/с;
v_{3-4} = 1,9 м/с;
v_{4-5}= 1,8 м/с;
v_{5-6} = 1,6 м/с.

Ағынның гидравликалық элементтері
Негізгі түсініктер

Өзендер мен арналарда судың екі негізгі қозғалыс түрін айырады: қалыптасқан және қалыптаспаған. Судың қалыптасқан қозғалысы- бұл жеке алынған жылдамдық нүктесі мен оның бағыты уақытпен өзгертілмейтін қозғалыс. Керісінше, қалыптаспаған қозғалыста, ағынның әр нүктесінде жылдамдық уақыт бойынша тұрақты болып қалмайды. Судың біркелкі қозғалысы деп шығын мен нақты қима өлшемдері оның ұзындығы бойынша өзгермейтін қозалысты атайды.

Ашық аңғарлардағы біркелкі қозғалыс, тек ғана жасанды су ағыстарында-арналар мен науаларда кездеседі. Өзендердегі судың қозғалысы, әркелкі болып саналады, себебі ағынның жасанды су аңғарларындағы гидравликалық элементтері асу ағысы бойында өзегерді.

Алайда, бір қатар жағдайларда, өзендерде судың қозғалысын зерттеу үшін, су ағысын бір қатар учаскелерге бөлуге болады, соның шегінде ағынның гидравликалық элементтері шамалы өзгерістерге төзеді. Осындай өзен учаскелеріндегі судың қозғалысын, тәжірибелік мақсаттар үшін жеткілікті дәлдікпен, біркелкі ретінде қарастыруға болады. Біркелкі ағын бойындағы тереңдік тұрақты, сондықтан да түптік еңістік, *i* бос бет еңістігіне тең.

Ағынның негізгі гидравликалық элементтері мыналар болып табылады:
– нақты қима ауданы;
– шылану периметрі;
– гидравликалық радиус;
– еңістік;
– жылдамдық;
– шығын.

Нақты қима ауданы

Гидравликада, нақты қима ауданын, ағысты үлгі негізінде, қалыпты ағынның тоқ жолы шегіндегі беткі аудан ретінде анықтайды. Ағынға орташа жылдамдық, нақты қима ауданы түсініктерін қолдана отырып, жазық бет ауданының ағын шегінде орташа жылдамдық векторына қалыпты ретінде анықтауға болады.

Ашық ағындардағы нақты қима ауданы, су аңғарымен бос бетпен шектелген.

Тікбұрышты пішінді арналар үшін, нақты қима ауданы мына формула боынша анықталады:

$\omega = b*h$ (1)

ондағы, b – түбі бойынша арнаның ені;

h – арнадағы судың тереңдігі.

Жасанды жер арналарынан, тәжірибелік түсініктер бойынша трапеция көлденең қимаға (1сур.) түбі бойынша арна ені b, арна тереңдігі h және тікжақтаулардың a орналасуы. Тікжақтаулардың арна тереңдігіне орналасу қатынасын тікжақтаулардың орналасу коэффиценті m деп атайды:

$m = \frac{a}{h}$=ctga (2)

Арналардың тікжақтауларын орналастыру коэффиценті, арнадан өтетін, топырақ сипатына байланысьы.

Мысалы, құзды емес топырақтар үшін ол келесі шектерді қабылдайды: 1,5…3,0.



1-сурет. Трапеция пішінді арналар

Трепация арналардың нақты қима ауданы мына формула бойынша анықталады:

$\omega = \frac{(B+b)*h}{2}$ (3)

Немесе, (2) формуланы есепке ала отырып:

ω=(b+mh)*h (4)

Нақты қима ауданын есептеу үшін, мына формуланы қолдануға болады:

ω=B*hcp (5)

ондағы, *B* – жармадағы өзеннің ені ;

hор.–өзен суларының орташа тереңдігі.

Аталған жармадағы өзеннің анағұрлым нақты қимасы, өлшеу тігі бойынша тереңдікті өлшеу деректері бойынша анықталады. Бұл үшін, есептеу жармасы арқылы, тең аралықта белгіленген арқанды тартады. Белгіленген нүктелерде, мысалы, арнайы өлшеу сызғышының көмегімен тереңдікті өлшейді.

2-сурет. Өзендердің көлденең қимасы

Алынған өлшеу деректері бойынша, белгілі масштабта өзендердің кесе-көлденең ені сызылады. Өлшеу тіктерінің кесінді ұштарын, тік сызықтармен қосады. Нәтижесінде, 2-суретте көрсетілгеніндей, тік бұрышты трапеция және екі тікбұрышты үшбұрыштан тұратын, өзеннің көлденең пішіні алынады. Өзендердің нақты қима ауданын, жекелеген аудандардың сомасы ретінде анықтайды: *w*1 + *w*2 + ... +*w*6 .

Шылану периметрі – бұл сумен жанасатын, нақты қима периметрі сызығы бөлігінің ұзындығы. Ашық су аңғарлары үшін, шылану периметрі, аталған нақты қимада су аңғарының қабырғаларымен судың жанасатын сызығының ұзындығы ретінде анықталады.

Трапеция арналар үшін шылану периметрі:

$\chi=b+2h\sqrt{1+m^2}$ (6)

нақты қимаа ауданының шылану периметріне қатынасын ***гидравликалық радиус*** деп атайды:

$R = \frac{\omega}{\chi}$ (7)

Трапеция арналар үшін гидравликалық радиус:

$R_г = \frac{\omega}{\chi} = \frac{(b+m*h)h}{b+2h*\sqrt{1+m2}}$ (8)

Егер, өзеннің ені, орман аймағындағы өзендерге тән, тереңдігінен артық болса: B<<hорт., онда гидравликалық радиус өзеннің орташа тереңдігіне тең. Учаскеде су деңгейінің түсуі өзеннің ***еңістігі*** деп аталады. Өзендер мен арналардың арынсыз қозғалысы, ауырлық күшінің әсерінен, су

аңғарларының еңіс болуынан болады. Су аңғараларының нақты қимасы арқылы уақыт бірлігінде өтетін сұйықтық мөлшері ***ағын шығыны*** деп аталады:

$Q=\int u*d\omega$ (9)

ондағы, *u* – ағынның элементті ақырын ағысындағы сұйықтық қысымы.

Аналитикалық тұрғыдан алғанда, реал су аңғарларының нақты қимасы бойынша жылдамдық өзгеруін анықтау қиын болғандықтан, шығынды анықтау үшін, *ағынның орташа жылдамдығы* қолданылады, ол мына формула бойынша өрнектеледі:

$v_{cp}=\frac{Q}{\omega}$ (10)

Өз бетімен шешуге арналған есептер

1-есеп

Трапеция пішінді арнаның түбі бойынша ені *b*, тереңдігі *h бар.* Арналардың тікжақтауының коэффиценті *m*. Ағынның орташа жылдамдығы *v*.

Мыналарды анықтау қажет:

– нақты қима ауданы;

– шылану периметрі;

– гидравликалық радиус;

– ағын шығыны.

1-есепке қатысты бастапқы деректер жоғарыдағы нұсқаға сәйкес келтірілген

Есептерді рәсімдеуге қатысты талаптар. Ресептерді шешу нәтижелері, А4 пішімді қағаз бетінде, есеп түрінде берілуі қажет. Есептің нұсқасы, топ атауы және студенттің тегі көрсетілген беткі парағы болуы қажет. Арнаның көлденең қимасы А4 қағаз бетінде милиметрлік масштабта **міндетті түрде сызылуы тиіс.**

2-есеп

Өзен жармаларын өлшеу нәтижесінде, 5 өлшеу тігінің тереңдігі алынған:

h_1, h_2, h_3, h_4, h_5;

және тіктер арасындағы жекелеген учаскелерде орташа жылдамдық:

v_{0-1}, v_{1-2}, v_{2-3}, v_{3-4}, v_{4-5}, v_{5-6}.

Өлшек тігі арасындағы ара қашықтық бірдей және 5 м-ге тең.

Өзеннің көлденең қимасын салу және ағыстың орташа жылдамдығын vорт. жылдамдығын анықтау қажет.

1-есепке қатысты бастапқы деректер жоғарыдағы нұсқаға сәйкес келтірілген

Есептерді рәсімдеуге қатысты талаптар. Есептерді шешу нәтижелері, А4 пішімді қағаз бетінде, есеп түрінде берілуі қажет. Есептің нұсқасы, топ атауы және сутденттің тегі көрсетілген беткі парағы болуы

қажет. Арнаның көлденең қимасы А4 қағаз бетінде милиметрлік масштабта **міндетті түрде сызылуы тиіс.**

Есептерді шығару мысалдары

1-есепке мысал

Трапеция пішінді арнаның түбі бойынша ені b=25 м, тереңдігі h=3 м. Арнаның тікжақтау коэффиценті m=2. Ағынның орташа жылдамдығы v=1,25 м/с.

Мыналарды анықтау қажет:

– нақты қима ауданы;

– шылану периметрә;

– гидравликалық радиус;

– ағын шығыны.

Шешуі

1. Трапеция пішінді арнаның нақты қима ауданын мына формула бойынша (4) анықтаймыз:

$\omega=(25+2*3)*3=93м^2$

2. Шылану периметрін мына өрнектен анықтаймыз (6):

$\chi=25+2*3*\sqrt{1+2^2}=38,42м$

3. Гидравликалық радиусты мына формула (8) бойынша анықтаймыз:

$R=\frac{93}{98,42}=2,42м$

4. Ағын шығынын мына өрнектен анықтаймыз (10):

$Q=93*1.25=116.25м^3/с$

1.2-есептің мысалы.

Өзен жармасындағы өлшеулер нәтижесінде, 5 өлшеу тігінің тереңдігі алынды:

h_1= 0,4 м;

h_2= 0,6 м;

h_3= 1,4 м;

h_4= 1,0 м;

h_5= 0,2 м;

Тік арасындағы жекелеген учаскелердің орташа жылдамдығы:

v_{0-1}= 0,1 м/с;

v_{1-2}= 0,3 м/с;

v_{2-3}= 0,8 м/с;

v_{3-4} = 0,6 м/с;

v_{4-5}= 0,5 м/с;

v_{5-6} = 0,2 м/с.

3 –сурет. Өлшеу тігінің нөмірі

Өлшеу тігінің арасындағы ара қашықтық бірдей немесе 10 м тең.

Өзеннің көлденең қимасын салу және ағыстың орташа жылдамдығын анықтау қажет.

Шешуі:

1. Өзеннің көлденең қимасын, өлшеу тігінде тереңдік өлшеу деректерін пайдалана отырып, масштабты саламыз. Көлденең масштабты тігінен емес, кішірек алған дұрыс.

2. Өзен ағысының орташа жылдамдығын мына формула (10) бойынша анықтаймыз. Өзеннің нақты ауданын оны құраушы жекелеген аудан сомасы ретінде анықтаймыз:

$\omega = \omega_1 + \omega_2 + \omega_3 + \omega_4 + \omega_5 + \omega_6$.

Соңғы аудандар, тікбұрышқа, ал барлық қалғандары– тікбұрышты трапецияға сәйкес келеді.

Үшбұрыш ауданы үшін тиісті формуланы қолдана отырып,

$\omega = 1/2.h.B$

және трапеция үшін:

ω□= 1/2. *(h1+h2).B*, м2 аламыз:

$\omega_1 = 2$;

$\omega_2 = 5$;

$\omega_3 = 10$;

$\omega_4 = 12$;

$\omega_5 = 6$;

$\omega_6 = 1$.

Онда нақты ауданның жалпы ауданы мынаған тең болады:

ω□= 2 + 5 + 10 + 12 + 6 + 1 = 36 м2.

3. Өзендегі су шығынын, нақты қиманың жекелеген ауданы бойынша шығын сомасы түрінде анықтаймыз:

$Q = Q1 + Q2 + Q3 + Q4 + Q5 + Q6$.

Себебі, $Qi = viwi$, м3/с аламыз:

$Q1 = 0{,}2$;

$Q2 = 1{,}5$;

$Q3 = 8$;

$Q4 = 7{,}2$;

Q5 = 3;
Q6 = 0,2.
Онда жалпы шығын мынаған тең болады:
Q = 0,2 + 1,5 + 8 + 7,2 + 3 + 0,2 = 20,1 м3/с.
4. Нақты қимадағы ағынның орташа жылдамдығы мынаған тең болады:
vор.= 20,1/36 = 0,56 м/с. [4]

3.9 8-ТАРАУ. ГИДРОМЕТРИЯ НЕГІЗДЕРІ

3.9.1 Судың деңгейі

Су ағысындағы судың деңгейі (суқоймалары), деп су бетінің биіктігі бойынша өзгермеген, гидрологиялық бөлік графиігінің нөлі үшін қабылданатын, көлденең шарты салыстыру жазықтығының үстіңгі биіктігін атайды. Деңгейді өлшеу үшін, 1 см бөлінген тасымалданатын металл суөлшеу тақтайлары қолданылады, ол бақылау мезетінде, жағаға жақындатылған және су басқан бағана шегесінде қойылады. Тақтау бойынша есеп оң және теріс болуы (±*a*) мүмкін. Су деңгейін алу үшін, шартты көлденең жазықтыққа қатысты, екі өңдеу жүйесі қолданылады: 1) грфиктің нөлімен; 2) теңіз деңгейі бетінен абсолютті белгілерде. [1]

1) Суөлшеу бөлімі үшін, график нөлі– бөлім пішінінде белгіленген тұрақты көлденең жазықтық, олар жармадағы судың төменгі деңгейінен шамамен 0,5 м өтетіндей есеппен орнатылады. График нөлінің жазықтығы бөлім репері жүйесіндегі абсолютті белгісі болуы және бөлімнің әрекет ету кезеңі бойына тұрақты болуы қажет. Таңда алынған жазықтыққа барлық деңгей келтіріледі, сол үшін қада белгісі мен график нөлінің айырмасына тең, бағана сымдары (h±a) есептеледі. Деңгейді есептеу мына формула бойынша жүргізеді: $H_{над\ «0»}=h\pm a$.

2) Теңіз деңгейінен су деңгейін абсолютті белгілеу, қада мен график нөлінің белгілі белгілері болған кезде, аталған қатынас бойынша алынады: $H_{м.абс}$=*қаданы белгілеу* ±*a*,

$H_{м.абс}$=*график нөлін белгілеу*±*H,*

ондағы, *a* – тақтай бойынша есептеу, м; *H*- м-мен график нөлі үстіндегі су деңгейі.

3.9.2 Өзендердің тереңдігі

Өзеннің тереңдігі – бұл су бетінен бастап түбіне дейінгі перпендикуляр ара қашықтық.

Өлшеу жұмыстарын ұйымдастыру, өзеннің тереңдігі мен еніне байланысты.

Жарма бойынша өлшеу жұмыстары:

Тіксызықты учаскелерде, ағысқа перпендикуляр бағытталған, жарма анықталады. Ені 20 м дейін, өзеннің су аңғарларында тіреуі бар гидрометриялық көпір орнатылады. Көпірге өлшеу таспасы қойылады, бұған қоса, нөл А нүктесінен бастап өзен кемерінен жоғары көпірде боалды. А нүктесі тұрақты бастауын қабылдайды. Нүктеден бастап оң жағалаудың кемеріне дейінгі b_0 ара қашықтық анықталады, ал содан кейін әртүрлі

нүктелерде тереңдік өлшенеді. Дәлдігі 0,01м дейінгі 4,0 м дейінгі тереңдікті өлшеу, тақтаймен немесе долбармен жүргізіледі. Долбар– диаметрі 5-6 см, ұзындығы 5 м, 0,1 м бөлгішпен, ағаш дөңгелек сырық. Ені 10-нан 50м дейінгі өлшеу нүктелерінің санын, 10-нан 20 дейін алу ұсынылады. Су аңғарының ені 20 м артық болғанда, өлшеу арқанға жылжып келе жатқан, қайықтан жүргізіледі. Сонымен бірге, өлшеу тіктері арқанда белгіленеді. Учаскеде 3-4 жарма жүргізу ұсынылады.

Өзен учаскесіндегі өлшеу жұмыстары:

Өлшеу учаскедерінде 3-4 жарма белгіленеді, өлшеу тігінің орналасу орны, геодезиялық құрал бағанымен белгіленеді. 4 м асатын тереңдікте өлшеу, массасы 2-5 кг қол науасымен жүргізіледі. Науа сызыққа (көпіршікті немесе капрон бау) белгіленеді. Массасы 30-40 кг жүгі бар, жүкшығырдан түсірілетін науа қолданылады.

Егер жұмыстар деңгейдің бірден түсу немесе көтерілу кезінде жүргізілетін болса, онда есептеуді есепту деңгейін анықтағанға дейін жүргізу қажет. Мұз қату кезінде, өлшеу арнайы бұрғыланған шұңқырларда жүргізіледі.

Тереңдікті анықтаудың анағұрлым заманауи әдісі, эхо науаны қолдану болып табылады, оның жұмыс істеу принципі аспаптан бастап түбіне дейін және кері аспап қабылдағышына дейін, ультрадыбыстық импульс өткізу үшін қажетті, уақыт аралығын тіркеуге негізделген. [5]

Өлшеу жұмыстарының деректері бойынша, су ағыстарының бейіні құрылады және гидрологиялық және гидравликалық есептеулерде қолданылатын, бейіннің негізгі сипаттамалары, сонымен қатар су шығынын, қисық сызықты эктраполяциялауды есептеу жүргізіледі.

Өлшеу жұмыстарынан кейін, келесі сипаттамалар есептеледі:

а) Аналитикалық жолмен су ағысының ауданы:

Ауданды түбін үшбұрыш, трапеция, үшбұрыш түрінде ұсына отырып есептеуге болады:

$$W = \frac{b_1 h_1}{2} + \frac{b_1 + b_0}{2} + \frac{b_{n-1} + b_n}{2} + \frac{b_1 * h_1}{2} \quad (3.9.2.1)$$

б) Өзеннің ені тұрақты бастаудан бастап жағалау кемерінің арасындағы ара қашықтық айырмасы ретінде анықталады: $B=l_п-l_1$; $l_п$ – тұрақты бейін бастауынан бастап жағалау кемеріне дейінгі ара қашықтық; l_1-жақын жағалауға дейін.

в) Су ағысының орташа тереңдігі hор. бөлінді түрінде есептеледі: су ағысының ауданын оның еніне бөлу мына формула бойынша анықталады: $h_{ср}=\omega\backslash\beta$

г) Ең үлкен тереңдік h бақыланатындар ішінен таңдап алынады.

д) Шылану периметрі деп өзен түбінің су кемері аралығындағы бейіндегі сызығын атайды.

е) Гидравликалық радиус R – су ағысының ауданын, шылану периметрінің ұзындығына бөлу: $R = \frac{w}{x}$, радиусты орташа тереңдікке ауыстыруға болады: $\frac{h_{ср}}{B} < \frac{1}{10}$

3.9.3 Су ағысының жылдамдығы

Ағыс жылдамдығы деп, уақыт бірлігінде су бөлшектерінің жылжитын ара қашықтықты атайды.

Өзеннің аңғарындағы судың қозғалысы, турбулентті режимге жатады, онда жылдамдық аңғардың көлденең қимасының әртүрлі нүктесінде бағыты мен көлемі бойынша өзгереді, жылдамдықтың лүпілдеу құбылысы байқалады.

Аңғардың ағыс жылдамдығын анықтау, өлшеу жұмыстары сияқты, су шығынын табудың негізгі құрамдас компоненті болып саналады, бірақ гидротехникалық және мелиорациялық құрылыстар кезінде, сонымен қатар су көліктері мен аңғарды деформациялау кезінде дербес мәнге ие.

Ағыс жылдамдығын өлшеу әдістері

Жылдамдықты өлшеу әдістерінің ішінде, далалық және гидравликалық есептеулер кезінде қолданылатындарын ғана қарастырамыз.

ГИДРОМЕТРИЯЛЫҚ БЕТКІ ҚАЛТҚЫЛАР. Әдіс ағыс бетінде қозғалып бара жатқан, заттың қозғалыс жылдамдығын анықтауға негізделген. Ағаштың шағын дөңгелек кесектері (биіктігі 4-15 см, диаметрі - 8-20 см) дайындалады. Қалтқы ортасына оны жағалаудан жақсы көру үшін жалауша қойылады. Су толтырылған бөтелкені, ал үлкен учаскелерде су тасуда – жүзіп бара жатқан мұздарды оларды алдын ала бояумен белгілеп қолдануға болады.

Өзеннің тік сызықты учаскесінде ағыстың орташа бағытына параллель магистраль бөлінеді, магистральге перпендикуляр жармалар қалпына келтіріледі: түсіретін, жоғары, орташа және жағалаулар мен кемерлерде межемен бекітілетін төменгі. Түсетін жармадан жоғары қалтқы лақтырылады. Жоғарғы және төменгі жармадан қалтқы өту кезінде, секун өлшеуішпен секундтпен уақыт анықталады. Қалтқы саны өзеннің еніне (8-15) байланысты. Қалтқы кезек-кезек, бар ені бойынша жылдамдықты бақылау қамтылатындай етіп лақтырылады. Қалтқының жоғары жармадан төменге дейін өту кезін есепке алып, мына формула бойынша жылдамдықты анықтауға болады:

$v_{пов} = \frac{L}{t}, м/сек$.(3.9.3.1)

Қажет болған жағдайда, жуықтап орташа беткі жылдамдықты алуға және мына формула бойынша есептеуге болады:

ондағы, n – қалтқы саны

ГИДРОМЕТРИЯЛЫҚ АЙНАЛМА. Ағынның кез келген нүктесінде жылдамдықты анықтау кезінде, геометриялық айналма қолданылады. Ағынға кез келген тереңдікте аспап түсіріледі. Аспаптың қалақты бұрандасы, ағыс жылдамдығына байланысты айналады, арнайы дабыл беру бойынша қалақты бұранда айналымы бақылаушыға беріледі, секундпен айналым есептеледі. Айналманың әрекет ету принципі мынаған тәуелді: v=f(n).

Айналмалар типі және төмендегілер бойынша бөлінеді:

а. Бекіту (қарнақты немесе арқандық);

б. Осьтерінің орналасуы (тік және көлденең;

в. Айналым санын (механикалық айналым санын есептегіштер немесе электр дабыл бергіші) тіркеу.

Айналма қалақтың 20 айналымын тіркеу үшін арналған. Айналым осы 20 айналымды жасаған уақыт, секундтпен айналым саны анықталады және тарирленген қисық сызықта су қозғалысының жылдамдығы болады. Гидрометриялық айналманы тарирлеу деп, сынауды атауды, соның нәтижесінде метрмен және секундтпен ағым жылдамдығы арасындағы тәуелділік және секундтағы айналым саны анықталады.

Жылдымдықты өлшеу, бір (0,6h) немесе (0.2h,0.8h) бірнеше нүктелерді жүргізіледі [5]

3.9.4 Су шығыны

Өзен шығыны

Өзен шығыны – бұл оның көлденең қимасы арқылы уақыт бірлігінде өтетін су мөлшері.

Өзендердегі су шығыны секундына текше метрмен өрнектеледі және Q $м^3/с$ түрінде белгіленеді. Шығын өзеығын өзе ағынының басты сипаты болып саналады, ол деңгейдің құбылуына, су бетінің еңістік ағыс жылдамдығына және үйінді қозғалысына және т.б. байланысты.

Шығынды анықтаудың үш тәсілі бар:

1) Аналитикалық тәсіл
2) Араластыру әдісі
3) Көлемді әдіс

<u>Аналитикалық тәсіл</u>

Аналитикалық тәсілдерде, шығынды есепте айналманың аталған өлшеуі бойынша шығын үлгісі, су қимасы ауданына перпендикуляр жазықтыққа бөлінеді. Осындай жазықтық саны, жылдамдық тіктерінің санына сәйкес келеді, олар үшін жылдамдық эпюралары белгілі.

Есептеу негізіне мына формула қойылған:

Q= $\int_W v dw$

Бұл тәсіл (жылдамдық-ауданы») атауын алады.

Жылдамдық тіктері арасындағы су қимасының ауданы, кесінділерге бөлінген шылану периметрінің сызығын ауыстыру арқылы, өлшеу тіктерінің саны үлкен болғанда есептеледі. Осылайша, күрделі су денесі, бір қатар дұрыс геометриялық пішіндерге ауыстырылады және олардың көлемі дәл есептелуі мүмкін. Q интегралы= келесідей жуық түрде жазылады:

$$Q = k * v_1 * w_0 + \left(\frac{v_1+v_2}{2}\right)w_1 + \cdots + \left(\frac{v_{n-1}+v_n}{2}\right)w_{n-1} + k * v_n * w_n \quad (3.9.4.1)$$

ондағы, Q –толық су шығыны, $м^3/с$, v_1, v_2,…, v_n–тіктегі орташа жылдамдық, м/с, – жағалау мен бірінші су тігі арасындағы су қимасының ауданы, $м^2$, - жылдамдықты тіктердің арасындағы аудан, $м^2$, – соңғы жылдамдық тігі мен жағалау арасындағы су қимасының ауданы, – кесте бойынша қабылданатын, жиегіндегі жылдамдықтарға арналған коэффициент:

коэффицент мәні k

Жиектегі аймақтардың шарты k
Кемер тереңдігі h=0 тең жайпақ жаға, м 0,7
Құлама жаға немесе тегіс емес қабырға 0,8
Тегіс қабырға 0,9
Өлі кеңістіктің болуы 0,5

Араластыру және көлемді әдіспен су шығынын анықтау

Араластыру әдісі, су массасының жақсы араласуын қамтамасыз ететін, турбуленті режим кезінде, үлкен жылдамдықпен өзеннің ағынды учаскелерінде қолданылады. Учаскеде түсіру және өлшеу жармалары белгіленеді. Түсіру жармасы учаскесінің ағынына химиялық боояғыш зат немесе радиоактивті изотоптар енгізіледі. Өлшеу жармаларында алынған, сынамадағы заттардың концентрациясының төмендеу дәрежесі, сы шығынының көрсеткіші болып табылады.

Су шығынын мына формула бойынша есептеуге болады:

$Q = Q_p \frac{c_1 - c_2}{c_2 - c_0}$(3.9.4.2)

ондағы: c1, c2, c0 – зат концентрациясының түсіру және өлшеу жармасында және аңғардағы жасандыға сәйкес келеді; Q–су шығыны; Qp – индикатор ерітіндісінің шығыны.

Егер өзен суы 0=0, онда формула мына түрде болады:

$Q = \left(\frac{c_1}{c_2} - 1\right) Q_p$(3.9.4.3)

Индикатор ас тұзында қолданылуы мүмкін – өзендегі су шығынының 1 м3/с үшін 15 кг. Ерітіндіні лезде және бірте-бірте түсіруге болады.

Су шығынын анықтаудың көлемді тәсілі, шағын өзендерде, бұлақтар мен қайнарлар шығынын анықтау кезінде қолданылады.

Су шығынын мына формула бойынша есептеуге болады:

$Q = \frac{W}{t} \text{м}^3/\text{с}$, л/с

ондағы:

Q - шығын, м3/с, л/с;

W – ыдыстағы су көлемі, м3, л, ола мына формула бойынша есептеледі: W=h*w, м3;

t – ыдысты толтыру уақыты, м3, л

Өлшеу ыдыстары ретінде өлшеу бәктері, көлемі әлдеқашан белгілі шелек қолданылады.

Беткі ағындар – судың жет бетіндегі, сонымен бірге жер қыртысы мен тау жыныстарындағы, табиғаттағы айналыс процесі барысындағы қозғалысы.

Беткі су жинағыштар өзенге немесе өзен желісіне ағатын, жер бетінің ауданын білдіреді. [1]

3.10.9-ТАРАУ. ГИДРОЛОГИЯ НЕГІЗДЕРІ

3.10.1 Жер бетіндегі су түрлері.Табиғаттағы су айналымы, су теңгерімі

Жер бетіндегі су түрлері

Жер бетінде үш сала кездеседі:

1) Бірінші сала – Жердің газ қабықшасы, оның бетінен 1000 км қашықтықта таралған. Бұл жерде су мынадай түрде болады:бу, тамшы сұйықтық күйінде (бұлт, тұман, жаңбыр), қар, бұршақ.

2) Екінші сала – Жер беті, қорлар мен судың таралуы бойынша гидросфера бетіне бөлінуі мүмкін.

3) Беткі гидросферадағы суды мыналарға бөлуге болады: беткі ағын сулар-өзендер, жылғалар, уақытша болатын жыралар; мұхит, теңіз сулары, көл шалшығы, тоғандар, су қоймалары; мұздық сулар және мәңгі ерімейтін қарлар.

4) Үшінші сала – жер қабығындағы сулар немесе жер астындағы гидросфера.10 жерастындағы гидросферада су келесідей түрде болады: топырақ қуыстарында бір тәрізді күйде; сұйық күйде – топырақ және арынды су түрінде; қатты күйінде – топырақтың қатуы кезінде мұз күйінде және мәңгі қатып қалған күйде; байланысқан түрде – минералдар мен жыныстарда. [5]

Табиғаттағы су айналымы және су теңгерімі

Жердегі су түрлері мен табиғаттағы су айналымын 1.2-бөлімнен қар.

СУ ТЕҢГЕРІМІ – өзен бассейндері үшін немесе кез келген басқа су нысандары үшін, судың жинақталу (қорлардың өзгеруі) шығыны мен кірісінің қандай да бір уақыт аралығындағы (жыл, ай, он күн және т.б.) ара қатынасы.

Су теңгерімі әдісі келесілерге негізделген: кез келген бетпен шектелетін, кез келген кеңістік көлемі үшін, осы көлемге кіретін су мөлшері, одан шығатын су мөлшерін алып тастағанда, аталған көлемнің ішіндегі оның мөлшерінің өсуіне немесе азаюына сәйкес теңесуі қажет.

Су теңгерімі әдісі, өзен басейндеріне қолданылады, қарастырылып отырған кеңістіктің көлемі, бірінші су өткізбейтін деңгейжиекке дейін (төмен қарай-осы деңгейжиек бетімен шектесетін, жоғары жағында- бассейн ауданы) суды бөлу желісінен өтетін, бүйір беттерімен шектелген көлем болады. Осындай кеңістіктер үшін су теңгерісі, сандық түрде табиғатағы су айналымының заңдылықтарын бейнелеп көрсетеді. Су теңгерімі әдісінің тәжірибелік нысаны оның теңдеуі болып табылады.

$\Delta S=P-Y-E$,

ондағы, ΔS – бассейндегі (жер қыртысы-топырақ, су ағынды деңгейжиектер, су аңғарлары, көлдер, су қоймалары, қашаулар және т.б.) су қорларының жалпы өзгеруі; P – су жинағышына түскен жауын-шашындар; Y – жармада тұйықталған өзен ағыны; E – бассейндегі жиынтық булану.

Су теңгерімінің теңдеуі мыналарға бөлінеді: толық, жауын-шашындар бойынша құрылған болып бөлінеді және оған барлық түзету түрлері

енгізіледі; сулау үшін жауын-шашындарға қысқартылып енгізілген түзетулер.

Су теңгерімі келесі кезеңдерді құрайды: күнтізбелік жыл ішінде айлар бойынша, гидрогеологиялық жылдар және жыл ішіндегі генетикалық бір текті кезеңдер (саба, тасқын су, сел тасу).

Су теңгерімінің жуықталған түрі мынадай:

$\Delta S=P_1-(Y+Y_\alpha-Y_\beta)-E-\Delta S_c-\Delta S_{оз}-\Delta S_б$,(3.10.1.1)

ондағы, P_1–сулау үшін түзетілген жауын-шашындар; Y – жалпы өзен ағысы; ΔS – су жинағышындағы жер қыртысы-топырақта және жерасты суларындағы ылғал қорының жиынтық өзгерісі; Y_α – өзен аңғарынан шыққан тоғандар; Y_β –қайтарылатын сулар мен көршілес бассейндердн судың жіберілуі; E – бассен бетіндегі жиынтық булануы; ΔS_c – қармен және мұз қабығында ылғал қорының өзгеруі; $\Delta S_{оз}$ – көлдер мен су қоймаларының бассейндеріндегі су қорларының өзгеруі; $\Delta S_б$ – шалшықтардағы ылғал қорының өзгеруі. [1]

Өзен ағысы

Өзен ағысына әсер ететін факторлар:

1) *Геология және геоморфология.* Стау жыныстарының, су-физикалық қасиеттері, өткізгіштігі және жатыс пішіні, отырғыш сулардың сіңіруіне әсер етеді. Жыныстардың жарықшақтануы және оқпа түзілуінің үлкен мәні бар.

Төбелі және таулы аудандардағы беткейдік тіктігі үлкен болған кезде, жауын-шашындар жылдамырақ ағады, ағыс үлкен еңістер есебінен үлкейеді, демек булану үшін шығын азаяды.

2) *Көлділік пен батпақтылық* –ағынды бассейндерде көлдің болуы, су бетінен буланудың өсуі салдарынан бірнеше азаяды, оған қоса бұл барынша көп шығындар үшін көбірек ықпал етеді.

3) *Өсімдіктер* – орман сілемдерінің беткі және жерасты суларына әсері, өте үлкен және қазіргі уақытқа дейін әлі түбегейлі түрде зерттелген жоқ.

4) *Жауын-шашындар* – мол жауын, әсіресе олар ұзақ уақытқа созылған кезде және кең ауқымды қамтығанда, су қорының толуына және жерасты суларының сіңірулік қоректенуіне әсерін тигізеді.

5) *Ауаның ылғалдылығы* – Су, қар және жер бетімен буланған бу, ауаға түсіп, ауаның ылғалдылығын анықтайды. Булану кезінде, ылғалдың жетіспеуі (қанығудың жетіспеушілігі) байқалады.

6) *Булану* – судың сұйық әне қатты күйден бу тәрізді күйге ауысу процесі. Булану жер қыртысы бетінендегі су, қар, жауын-шашын, өсімдіктермен ұсталған және өсімдіктердің субулануынан болады. [1]

Өзен ағындарының гидрографтарының ажыратылу әдістері

Өзен бассейндерінің қоректенуін, оның географиялық орналасу орнына байланысты келесі түрлерге бөлуге болады: қарлы, мұзды, жаңбырлы және жерасты. Гидрометриялық жұмыс деректері бойынша, жыл ішінде әр зерттелетін өзен үшін қандай да бір жармада су шығынының гидрографтық-графиктік құбылуы Q=f(T). Әртүрлі қоректені көздерінен қалыптасқан, су

көлемін бөліп көрсету үшін, графиктік әдіс қолданылады –гидрографты ажырату.

Гидрографты ажырату әдісі, өзеннің қоректенуінің әрбір типін сандық бағалауға мүмкіндік береді, бұл оның жерасты құрауыштарының жылдық ағынынан бөлінуі маңызды.

Гидрографтардың ажыратылуының бірнеше әдістері бар.

➢ *Б.И.Куделин әдісі*. Жерасты қоректену, топырақты өзендер мен артезиан суларының ағысы есебінен жүзеге асырылады. Су іркігіш деңгейжиектерден алынған жерасты суларының динамикасы, өзенмен осы деңгейжиектердің гидавликалық байланысу дәрежесіне байланысты:

а) Көктемгі су тасудың басталуы, барлық бассейндерде 23 наурызда байқалады, сондықтан да бір мезгілде су іркігіш деңгейжиектерден, өзенмен гидравликалық байланысқан өзендердегі топырақ суларының ағысы тоқтатылады. Суретте бұл 23 наурызға сәйкес келетін, АВ сызығымен белгіленген, жерасты қоректенуі (тіреу салдарынан) 23 наурызда тоқтатылады, бірақ 23 наурызға дейін аңғарларға келіп түскен топырақ сулары, тасқын толқынымен бірге өзен бойынан төмен ағады. Судың жету жылдамдығы, жоғарғы жармаға тасқынының биік шегіt_1 басталған күннен бастап, ажыратылатын жармада t_2, жармалар арасындағы ара қашықтық L. Есептеледі. Жету жылдамдығы мына формула бойынша есептеледі:

$$v_{доб} = \frac{L}{t_2 - t_1} \quad (3.10.1.2)$$

б) тұйықталатын жармада, тасқын аяқталғанға дейін беткі ағыстарды (гидросферадағы D нүктесі) жағалық реттеу жүреді. Сондықтан да жағалық қоректену болмайды. Осыны тік сызықпен белгілейміз.

Бассейндеріндің жоғарғы жағында тасқын аяқталуына қарай өзен желісіне су, өзенмен гидравликалық байланысқан, су жинағыш деңгейжиектерден бассейдегі топырақ сулардың негізгі қорынан келе бастайды және бұл сулар жоғары жақтағы тасқын аяқталғаннан кейін, яғни 22 сәріде 8 әулік өткен соң есептеу жармасына жетеді. Бұл күнді гидросферада F нүктесімен белгілейміз.

в) Гидросферада жүргізілген есепптеулерден кейінгі жалпы жылдық ағынды көрсету келесі алаңдармен атап көрсетіледі:KASDFK– беткі қар ағысының ауданы, $A^{/}$АКК$^{/}$ және FDD$^{/}$FF$^{/}$ - топырақ ағысының ауданы (штрихталған).

Гидрографа бойынша жыл ішінде келесі ағыс көлемдерін анықтауға болады: жылдық, беткі қарлы, топырақты.

Көрсетілген көлемдерді екі тәсілмен гидрограф бойынша атап көрсетуге болады: 1) тізбекті планиметриялық аудан (гидрографаның барлығы, беткі қарлы және топырақ ағыны); 2) аналитикалық тәсілмен жылдық ағын көлемін атап көрсету, беткі ағыс ауданын планиметрлеу.

➢ *О.В.Попов әдісі.* Өзен мен жерасты сулары арасындағы күрделі су алмасуды бағалау кезінде, төмен тұрған және тіреу режимі үшін, тасқын кезіндегі жағалық реттеудің өзара байланысуында әртүрлі жағдайларда,

жерасты шығынының ара қатынасы қарастырылады: өзен деңгейінің көтерілуіне дейін, су тасқыны және тасқын кезінде, түсу кезінде.

➢ *В.В. Дроздің әдісі.* Гидрохимиялық деректер бойынша жерасты құрауыштарын анықтауға негізделген. Өзен ағысының жерасты құраушылары, жалпы түрде мына теңдеу бойынша анықталады:

$$Q_п = Q_р \frac{C_р - C_{пов}}{C_п - C_{пов}} \quad (3.10.1.3)$$

Ондағы, $Q_п$, $Q_р$ – жерасты және өзен суларының шығыны, $м^3/с$; $C_р$, $C_{пов}$, $C_п$ – өзен, беткі және жерасты суларын минералдау компоненттерінің бірінің концентрациясы. [1]

Пайдалы қоректенуді гидрометриялық бағалау әдістері және жерасты ағыстарының негізгі сипаттамалары

Әдіс аңғар суларын теңгеру теңдеуіне негізделген. Гидрогеологиялық жағдайы бар өзен учаскелерінде, қозғалыс кезеңінде екі жарма таңдалады. Қысқа мерзім ішінде, жоғарғы $Q_ж$ және төменгі $Q_т$ жармалардағы шығын өлшенеді және сәйкес ағын көлемі есептеледі: $W_в$ және $W_н$.

Көлемді шамаларда, теңгерімдік құраушылар есепке алынады, атап айтқанда: ағындылық және пілді ағыс $Wп_р$, су бетіне түскен, жауын-шашындар $W_х$, су бетінің булануы $W_в$, ΔW есептеу кезеңінде аңғардағы су көлемінің өзгеруі. Алынған шама бойынша, екі жалпы теңдеу құрылады:

Жерасты қоректенуді бағалау кезінде:

$$W_{подт} = W_н - W_в - W_{пр} + W_е - W_х - \Delta W \quad (3.10.1.4)$$

Жерасты шығындарын бағалау кезінде:

$$W_{пот} = W_в - W_н + W_{пр} - W_е + W_х - \Delta W \quad (3.10.1.5)$$

Беткі және жерасты ағыстары, табиғи жағдайлардың әсерінде болады. Ағыс, ауыспалы шама бола отырып, бірнеше факторлардың әсерінен осы немесе өзге мәнде болады және олардың функциясы болып саналады.

Ағыстардың кеңістіктің таралуы және уақытпен қайталану заңдарын зерттеу үшін, математикалық статистика және ықтималдық теория аппараты қолданылады.

Осы әдістерді қолдану, гидрогеологиялық және гидрологиялық режимдердің көптеген сипаттамаларының, кездейсоқ шамалардың бірізділігін білдіреді және статистикалық заңдылыққа ие, ықтималдылық процесінің заңдарына бағынады.

Математикалық статистика әдістері мен ықтималдық теориялары, көптеген бір қатар бақылауларды зерттеуде қолданылады және оларға сандық және сапалық талдау жүргізуге ықпал етеді.

Келесі статистикалық әдістер бар:

1. Корреляциялық тәуелділік;
2. Қамтамасыз ету және құбылыстардың ықтималдығын есептеу және т.б. [5]

Корреляциялық тәуелділік

Корреляция – бірнеше ауыспалы шамалардың арасындағы статистикалық байланыстарды анықтау тәсілі. Статистикалық байланыспен,

бір шаманың әрбір мәніне басқа бірнеше мәндердің сәйке келетіні шамаланады.

Осындай байланыстарға табиғи (гидрологиялық, метеорологиялық және гидрогеологиялық) шамалар жатады. Мысалы, сіңірулік қоректенуі, жауын-шашындармен, буланумен және беткі ағыс шамасымен байланысты; көктемгі тасқын кезіндегі өзендердегі жоғары деңгей, қарда су қорынан бір мезгілде қардың еру мезетіне, қар еру кезіндегі ауа температурасы, сужинағыштардың бетіндегі топырақтар мен басқа да факторларға байланысты.

Құбылыстар ықтималдығын қамтамасыз етуді есептеу

Құблыс ықтималдығын қамтамасыз етуді есептеу кезінде, қисық сызықты қамтамасыз ету қисық сызығынның жуық тәсілі қолданылады.

Осы тәсілде, белгілі уақыт ішіндегі сіңірулік қоректену мәні қолданылады, қоректену мәнінің амплитудасы аықталады. Алынған амплитуда әртүрлі интервалдарға (Градация) бөлінеді және бір рет берілген интервалда қай сан сіңірулік қоректену мәніне тап болатыны есептеледі. Интервалдар санын (n) жуықтап төмендегі ара қатынаста есептеуге болады:

$$n<5lgN,(3.10.1.6)$$

ондағы, N – бақылау жылының саны

Амплитуда 10 мм аралықта алынған санға бөлінеді.

Әр интервал, w, мм мәндері сәйкес келген жағдайларда таңдап алынады және жалпы бақылау санынан % есептелген, қайталанатын жолда жазылады және жиілік деп аталады. Қайталанушылық деп әр интервалда, w мм мәндерінің сәйкес келген жағдайлар санын атайды.

Ұзақтығы деп қайталану сомасын, ал қамтамасыз етілу деп – жиілік сомасын атайды. Ұзақтығы абсолютті шамалар мен пайыздар жағдайының санының кезекті саны ретінде есептеледі.

Осы деректер бойынша қайталану және ұзақтылық графигі салынады, осьтерінде тігінен, олардың ең үлкен және ең кңшң мәнін, ал көлденеңнен-пайыздарын көрсете отырып, инфильтрациялау қуат беру мәні қойылады. Қайталанушылық интервал ортасында қалдырылады, ал содан кейін сатылы бөлу графигі салынады. Ұзақтығы интервал соңына жатқызылады және жинақталған жиіліктің бір қалыпты қисық сызықты жиілігі келтіріледі, гидрологияда қамтамасыз ету қиғаш сызығы деп аталады. [1]

3.11 ГИДРАВЛИКА ЖӘНЕ ГИДРОМЕТРИЯ НЕГІЗДЕРІ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

№ р/р	Жұмыс бағдарламасы бойынша тақырыптар	Бақылау сұақтары мен тапсырмалар
1	Кіріспе. Сұйықтық	1. Температура 15ºС болғанда, бензин көлемі 33,5 м^{3}құрайды. Осы бензин мөлшерінің көлемі, температура

	және оның қасиеттері	5ºС болғандай қандай болады. Бензиннің температуралық кеңею коэффийенті: βt=0,00065 1/ºС. 2. Температура 15ºС болғанда, мұнайдың меншікті салмағы 9000Н/м^3 тең, кинематикалық тұтқырлығы 0,3*10^{-4}м^2/с тең. Мұнайдың динамикалық тұтқырлығын анықтаңдар. (БЖ) Халықаралық бірліктер жүйесінің бастапқы бірліктері . 3. Температура 15ºС болғанда, мұнайдың меншікті салмағы 8830Н/м^3 тең, кинематикалық тұтқырлығы 0,4 см^2/с тең. Мұнайдың динамикалық тұтқырлығын анықтаңдар. 4. t=40С болғанда, тығыздық қандай мәнге теңеседі, Тығыздық дегеніміз не?
2	Гидростати-ка негіздері	1. Тереңдігі 3650 м ұңғыма кенжарындағы артық қысымды анықтаңдар. Ұңғыма тығыздығы 1600кг/м^3 саз ерітіндіге толтырылған. 2. Тереңдігі 3200 м ұңғымдағы кенжарлық қысым, егер тығыздығы 1600кг/м^3 саз ерітіндісін тығыздығы 1000кг/м3 сумен ауыстыратын болса, қаншаға төмендейді?. 3. Егер толық гидростатикалық қысым, тереңдігі 50 м, 6*10^{5}Па және ρg = 9810 Н/м^3 тең болатын болса, көлдегі атмосфералық қысымды анықтаңдар 4. Гидростатикалық қысым – бұл… 5. Гидростатикалық қысым қандай қасиеттерге ие? 6. Артық қысым теңіз тереңдігі, h=300м болғанда, 3,09*10^{6}Па –ны құрайды. Теңіз суының меншікті салмағын анықтаңдар. 7. Гидростатикалық қысымның қандай түрлері бар? 8. Су толтырылған, ашық сұйыққойма түбіндегі абсолютті және артық қысымды анықтаңдар. Сұйыққоймадағы судың тереңдігі h=4м 9. Гидростатиканың негізгі теңдеулерін атаңдар. 10. Бұрғылау кезінде, тегеурінді сулы қабат ашылды, одндағы су атқылай бастады. Ұңғыма бітелген, ал белгіленген манометр артық қысымды көрсетті: 0,45*10^{5}Па, ρg=9810Н/м^3. Ұңғыма сағасынан су қандай биіктікте көтерілетіні анықтаңдар. 11. Егер толық гидростатикалық қысым 50 м тереңдікте 6*10^{5}Па, а ρg=9810Н/м^3 тең болса, көл бетіндегі атмосфералық қысымды анықтаңдар.
3	Гидродинам ика негіздері	1. Құбырдың диаметрі-35см, егер Пито түтікшесімен жылдамдықты анықтау кезінде, h=28см және f=0,97 алатын болсақ, құбырдағы су шығынын анықтаңдар. 2. Тұтқыр сұйықтықтардың ақырын ағысы үшін Бернули

		теңдеуі қалай бейнеленеді? 3. Құбыр диаметрі-56см, егер Пито түтікшесімен жылдамдықты анықтау кезінде, h=34см және φ=0,97 алынатын болса, құбырдағы су шығынын анықтаңдар. 4. А.Вентуридің тұрақты шамасын анықтаңдар: D=300мм, d=112мм; h=0,6м; μ=0,98; құбырдағы су шығыны 35л/с, α=1. 5. Q=2,8м3/с тең шығынмен су жіберілетін, Вентури суөлшеуішінің сығылған бөлігінің диаметрін анықтаңдар. Құбыр желісінің диаметрі D=0,5м; пьезометрлердегі су деңгейінің айырмасы h=0,35м, μ=0,98. 6. Бернули теңдеуі кіммен енгізілді? Аталған теңдеуді не арқылы шығаруға болады? 7. Арын шығынына көңіл аудармай, сығылған бөліктегі вакуум 29430 Па тең болуы үшін, құбыр желісі бойымен өткізілетін, су шығынын анықтаңдар. Құбыр диаметрі d1=230мм, сығылған бөліктің диаметрі d2=120мм. 1-1 қимасындағы манометрлік қысым ,p1=79240Па. 8. Құбырдағы су қозғалысының теориялық жылдамдығын анықтаңдар. Пьезометрдегі 1 деңгей h1=78см биіктікке көтерілді, ал питоқұбырында 2, h2=90см көтерілді. 9. Арын шығыны не үшін енгізіледі? 10. Q=7м3/тәу. шығынмен су жіберілетін, Вентури суөлшеуішінің сығылған бөлігінің диаметрін анықтаңдар. Құбыр желісінің диаметрі D=0,6м; пьезометрлердегі су деңгейінің айырмасы h=0,35м, α1=α2=1; μ=0,9 Тұтқыр емес сұйықтықтарға арналған бернули теңдеуін бейнелеп көрсет.
4	Сұйықтықтың қозғалыс режимі және гидравликалық кедергі	1. Егер диаметр орнына, гидравликалық радиусты қоятын болса, не шығады. 2. Ашық аңғарлар мен арналарда Рейнольдс сыни саны нге теңеседі. 3. Рейнольдс санын біле отырып, сыни жылдамдықты қалай анықтауға болады? 4. Рейнольдс Санының қандай мәндерінде, Павловский режимі бойынша қозалыс өзгереді. 5. Су температурасы t=12ºC, ол диаметрі d=4см құбырға жіберіледі. Ағын шығыны: Q=70см^3/с. Ағын режимі анықта және құбырдың көлденең қимасының ортасына шығарылған бояу ағысының қозғалысын сипатта. Қозғалыс режимі қандай шығында өзгереді. 6. Су температурасы t=16ºC , ол диаметрі d =4000мм құбырға жіберіледі. Ағын шығыны Q=170см^3/с. Ағын режимі анықта және құбырдың көлденең қимасының ортасына шығарылған бояу ағысының қозғалысын

		сипатта. Қозғалыс режимі қандай шығында өзгереді. 7. Құбыр диаметрі d_1=40мм, су 4,96 см/с жылдамдықпен жіберіледі, температурасы 12ºС. Құбыр d_2=20мм диаметрге дейін біртіндеп сығылады. Су шығынын және құбырдың кең жіне тар бөліктеріндегі қозғалыс режимін анықтаңдар. 8. Диаметрі 10 мм тегіс құбыр бойындағы су мен мұнайдың қозғалысын анықтаңдар. Қозғалыс жылдамдығы- 10см/с, судың кинематиалық тұтқырлығы $\upsilon_в$=0,01см^2/с, мұнай- $\upsilon_н$=0,5 см^2/с. 9. Судың диаметрі 10 және 0,1 см тегіс құбыр бойымен қозғалысының сыни $\upsilon_{кр}$ жылдамдығын анықтаңдар. Температура t=20ºС болғанда, судың тұтқырлығы = 0,001 см^2/с. 10. Сулы құмды қабатта Дарси заңы бойынша келесі жағдайлардың болатынын анықтаңдар: сүзгілеу жылдамдығы υ=86,4м/тәу; құмның белсенді кекутілік коэффициенті n=0,3; құм бөлшектерінің тиімді диаметрі- d_e=1мм; судың кинематикалық тұтқырлығы = 0,01см^2/с. Тік науа бойынша, табан ені 20 см мұнайдың қозғалысын анықтаңдар. Науадағы мұнай қабатының биіктігі 30см; мұнай ағысының жылдамдығы υ=40см/с; мұнайдың кинематикалық тұтқырлығы = 0,5см/с құрайды. Су t=15ºС темпертурамен диаметрі d=0,1м, шығыны Q=30л/с құбырға жіберіледі. Ол өзгеретін қозғалыс режимі мен жылдамдығын анықтаңдар. Павловский формуласы бойынша, кеуекті ортадағы судың қозғалыс режимін анықтаңдар.Температурасы- t=10ºС, сүзгілеу жылдамдығы =0,12 см/с, диаметрі d=0,004 см және кеуектілігі n=0,35. Шүмегі бар ұбырдағы су шығынын анықтаңдар. Құбыр ұзындығы L=30м, диаметрі d=200мм, арынды бәктегі судың биіктігі H=4м, λ=0,03. Ұзындығы=500, шығыны Q=100 тең құбырдағы тегеурін шығынын анықтаңдар. Шойын құбырлардың диаметрі d=250мм, судың температурасы t=10 ºС; судың кинематикалық тұтқырлығы = 0,0131, λ=0,028.
5	Құбырлардағы арынды қозғалыс	1. Ұзын су құбырлары дегеніміз не? 2. Соратын құбыр желіліері қайда қолданылады? 3. Гидросоққы құбылысы неге байланысты. 4. Соғу толқындарының таралу жылдамдығын есептеу үшін, қандай формула қолданылады. 5. Болат құбыр желілеріндегі қозғалыс кезіндегі тегеурін шығынын анықтаңдар. Құбыр желісінің ұзындығы- 1000м диаметрі- 200мм, су шығыны- 30л/с.

		6. Тік шойын құбыржелісінің ұзындағы бос тегеурінді $h_{бос}$ анықтаңдар. Су шығыны-50 л/с; жоғары бәк белгісі- 210м, тұтынушының белгісі- 105м, құбыр желісінің ұзындығы-500м; құбыр желісінің диаметрі-250мм. 7. Сорғымен айдалатын су шығынын анықтаңдар. Құбыржелісінің диаметрі- 200мм, соратын құбырдағы вакуумметрлік биіктік -600см, көлдегі су кемері үстіндегі сорғы ортасының биіктігі- 587см, құбыр желісінің ұзындығы 15см, d/R=0,8; α=1,0; λ=0,03. 8. Құбырдағы судың қозғалыс жылдамдығын анықтаңдар. Пьезометрдегі деңгей 6,5см-ге; ал пито түтігінде- 80см көтерілді; φ=0,96. 9. Құбырдағы судың қозғалыс жылдамдығын анықтаңдар. Пьезометрдегі деңгей 67 см-ге; ал пито түтігінде- 75см көтерілді; φ=0,96.
6	Сұйықтықтың саңылаулар мен мұрындықтардан ағуы	1. Сұйықтықтың ағу теориясы қандай мақсатта әзірленді. 2. Сұйықтықтың қандай қозғалыс түрлері бар. 3. Батырылған саңылау батырылмаған саңылаудан несімен ерекшеленеді. 4. Қандай сығылу түрлері бар. 5. Тұрақты тегеурін кезінде, жұқа қабырғалардағы судың шығыны қандай формуламен анықталады. 6. Бетон плотинасының денесінде диаметрі 2м және ұзындығы 7,5м дөңгелек құбыр салынды, ол арқылы су жіберіледі. Тегеурін Т=9м болғанда, осы құбыр арқылы шығынды анықта. 7. Диаметрі 1 м тең цилиндр бәк 2 м деңгейге дейін сумен толтырылған. Бәк түбінде диаметрі 0,1 саңылау бар. Тұрақты және ауыспалы арын кезінде, барық судың ағу уақытын анықтаңдар.
7	Сұйықтықтың суағарлар арқылы ағуы	1. Суағардың шың бұрышы φ=60о, тегеуріні Т=0,874 үшбұрышты суағар арқылы су шығынын Q анықтаңдар. 2. Шыңы φ=60о, Q=0,124 м3/с болғанда, бұрышпен үшбұрышты суағар арқылы су шығынының коэффицентін анықтаңдар. 3. Тегеурін Т=0,343 м , трапеция суағар арқылы су шығынын Q анықтаңдар. Суағар ені b=1,18. 4. Тегеурін Т=0,735 м , трапеция суағар арқылы су шығынын Q анықтаңдар. Суағар ені b=2,63. 5. 6. Су шығыны Q=661л/с, суағардағы тегеурін Т=0,263 м , трапеция суағардың енін b анықтаңдар. 7. Тегеурін Т=0,57 болғанда, бүйірден сығылусыз, тікбұрышты батырылған суағар арқылы су шығынын Q анықтаңдар. Суағардың ені, b=2,45; жоғары бьеф

		үстіндегі суағар қырының биіктігі Рв.б =0,6м. 8. Тегеурін Т=0,37 болғанда, бүйірден сығылусыз, тікбұрышты батырылған суағар арқылы су шығынын Q анықтаңдар. Суағардың ені b=3,40; жоғары бьеф үстіндегі суағар қырының биіктігі Рв.б =0,45м. 9. Тікбұрышты суағардың енін b анықтаңдар. Тегеурін Т=0,2 м; жоғары бьеф үстіндегі суағар қырының биіктігі Рв.б =0,4м және суағардағы су шығыны Q=1500л/с.
8	Ашық аңғарлар мен арналардағы судың қозғалысы	1. Гидравликалық шығынды анықтаңдар. 2. Арна қимасы қандай өлшемдермен таңдалады. 3. Арнаның қандай қимасы анағұрлым пайдалы. 4. Арналардың трапеция пішінді қандай артықшылықтары бар. 5. Арнадағы судың жылдамығын қалай есептейді. 6. Егер жылдамдық дұрыс таңдалмаса, не болады? 7. Трапеция арнасы саздақтарда салынған. Арның түбі бойынша ені-8,5м, еңістігі 0,0001; судың тереңдігі- 1,7м; арна ұзындығы- 1км. Ағын температура 20^0С болғанда, өте ұсақ батпақты бөлшек түрінде болады. Ағын жылдамдығы мен шығынын есептеңдер,тегеурінді қозғалыс режимі мен тегеурін шығынын h_w анықтау, арна анағұрлым пайдалы қимамаға жауап бере ме, соны анықтау керек, шайылу және батпақтану жағдайларын тексеріңдер.
9	Су деңгейі	1. Гидро бекеттер дегеніміз не және олар қандай болады? 2. Абсолюттік белгі бойынша еңістікті қалай есептеуге болады. 3. Гидравликалық радиусты есептеңдер. Қима ауданы ω=645м^2, шылану периметрі χ =187м. 4. Тікбұрыш пішінді арна үшін, қима ауданын ω, шылану перметрін χ және гидравликалық радиусты R есептеңдер. В=43м және h=2,5м. 5. Трапеция пішінді, көлденең қимасы бар арна үшін, гидравликалық радиусты есептеңдер. В=30м, $h_{ср}$=5м и Тікжақтау коэффициенті m=2
10	Өзен тереңдігі	1. ω=168м2 болғанда, су қимасының орташа тереңдігін есептеңдер. Тұрақты бастаудан оң жақ жағаның кемерге дейінгі ара қашықтығы- 53м, сол жақ жаға кемеріне дейін- 174м. 2. Қима ауданы 324м2, гидавликалық радиусты тереңдігі орташа аңғарлар үшін ауыстыруға бола ма, соны анықтаңдар. Шылану периметр 142м және аңғардың ені- 127 м. 3. Тереңдікті анықтудың қандай заманауи әдістері бар. 4. Өлшеу жұмыстарын ұйымдастыру неге байланысты

		5. Өлшеу жұмыстарынан кейін қандай сипаттамалар есептеледі
11	Су ағысының жылдамдығы	1. Ашық, аңғардың су өсімдіктерінен бос тіктегі орташа жылдамдықты $\upsilon_{орт.}$, келесі бастапқы деректер бойынша есептеңдер: $\upsilon_{пов}$=0,64м/с, $\upsilon_{0,2}$=0,60м/с $\upsilon_{0,6}$=0,58м/с $\upsilon_{0,8}$=0,50м/с, $\upsilon_{дно}$=0,42м/с 2. Железняков формуласы бойынша тікте орташа жылдамдығын $\upsilon_{ор}$ жылдамдығын келесі бастапқы деректер бойынша анықтаңдар: тереңдігі h=3,5м, беттегі анағұрлым үлкен жылдамығы υ_{max}=0?95м/с, Шези формуласының коэффициенті С=40,1м^{0,5}/с
12	Су шығыны	1. Өзен шығыны дегеніміз не? 2. Шығынды анықтаудың қандай тәсілдері бар. 3. Аналитикалық әдіс неге негізделеді. 4. Көлемді әдіс қайда қолданылады. 5. Араластыру әдісін қашан пайдаланады. 6. Судың шығынын р аналитикалық әдіспен есептеңдер. Толық тәсілмен өлшенген өзендер, су деңгейі график нөлінен 231 см болғанда, гидроствор негізгі суды өлшеу бекетінің жармасына сәйкес келе ме
13	Жер бетіндегі су түрлері. Табиғаттағы су айналымы және у теңгерімі. Өзен ағысы	1. Жер бетінде су қандай салаларда кездеседі. 2. Жердің әр саласы нені білдіреді. 3. Судың қанша айналымы бар. 4. Су теңгерімі дегеніміз не. 5. Су теңгерімін анықтау әдісі. 6. Су теңгерімінің тәжірибелік формуласы нені білдіреді. 7. Өзен ағысы түсінігі. 8. Өзен ағысына әсер ететін факторлар (атап көрсету).
14	Өзен ағысын ажырату әдістері	1. Өзен ағысының гидрографы деген не. 2. Топырақ және беткі сулардың арасында қандай байланыс параметрлері бар. 3. Гидрографтардың қандай ыдырау әдістері бар. 4. Гидрографтардың ыдырау әдістері неге негізделген.
15	Пайдалы қоректенуді бағалау әдістері	1. Пайдалын қоректенуді бағалау әдісі неге негізделген. 2. Табиғи ресурстар сипаттамасына не сәйкес келеді. 3. Жерасты ағысының модулін қалай атап есептеуге болады. 4. Жерасты суларының табиғи ресурстары дегеніміз не.
16	Беткі және жерасты суларын кезінде статистикалық әдістер	1. Беткі және жерасты ағыстарын есептеуге қатысты, статистикалық әдістерді қолдану мақсаттары қандай. 2. Корреляция дегеніміз не және зерттелетін құбылыстар арасындағы байланыс тығыздығы қалай бағаланады. 3. Графиктік медиан тексерістері қалай жүргізіледі. 4. Корреляцияның есептеу тәртібі қандай. 5. Корреляциялық тәуелділік қалай қолданылады.

		6. Қисық сызықты қамтамасыз етуді дәл құру тәсілі кезінде есептеу тәртібі қандай.

Глоссарий

ГРУНТ СУЛАРЫНЫҢ ТЕҢГЕРІМІ — белгілі аудандардағы грунт суларының айналымын санмен бейнелеу. Грунт суларының кіріс бөлігі жауын-шашындардармен қоректену (сонымен бірге су буларының конденсацияланyы) есебінен қалыптасады және өзен, көл және т.б. суларын жұтуы, шығыс бөлігі — жерасты ағыны есебінен және грунт суларынан булануы.

АРЫНСЫЗ ЖЕРАСТЫ СУЛАРЫ — бетпен шектелетін тау жынысы қабатындағы су («бос» бет), қысымы атмосфералық қысымға тең.

БАТПАҚ СУЛАР —батпақты түзілімдермен байланысатын сулар. Батпақ сулар үшін, темір мен органикалық заттардың салыстырмалы түрде жоғары болуы тән. Өмірдік қалдықтарының толық жайылмауы салдарынан, батпақ сулардың әдетте қышқыл (көбінее орталық) реакциясы бар және бетонға қатысты жемір. Батпақ сулардағы темірдің жоғары қозғалғыштығы, батпақта темірлі минералдардың, вивианит (Fe_s $(P0_4)_2$ $8H_20$) және сидериттің ($FeCO_3$) pH = 7,2 - 7,4 болғанда түзілуіне алып келді.

ГРУНТТАРДЫҢ ЫЛҒАЛ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ — грунттардың бос қуыстықтарда сыю және бетінде осы және басқа да су бөлшектерін ұстап тұру қабілеті. Сан түрінде ылғал сыйымдылық көлемі, бірлік үлесімен немесе мүлде құрғақ грунт салмағының пайызымен көрсетіледі. Ылғал сыйымдылықтың келесі түрлері айырылады (қар.): 1) гигроскопиялық (немесе ылғалдылық) *(Wh);* 2) жоғары молкулалық *(W_m);* 3) капиллярлық *(W_{ti});* 4) толық *(Wf).*

ТАУ ЖЫНЫСТАРЫНЫҢ ЫЛҒАЛДЫЛЫҒЫ — аталған қуыстардағы, жарықшақтар мен жыныстардың табиғи жағдайлардағы қуыстарында бар су мөлшері. Ылғалды жыныс үлгісінің салмағы мен 105 — 110° кептіргеннен кейінгі сол үлгінің салмағының айырмасы анықталады. Салмақтық ылғалдылықты айырады — су салмағының, жыныс үлгісінің салмағына, оны кептіргеннен кейінгі пайыздық ара қатынасы, көлемді ылғалдылық — су көлемінің дымқыл күйге келтірілген жыныс көлеміне қатынасы — жыныстағы су көлемінің, барлық жыныс көлеміне пайыздық қатынасы және басқа да ылғалдылықты көрсету түрлері.

ІШКІ (интериалды, байланысқан) **СУЛАР** — жыныстардың иілгіш аймағындағы сулар, ондағы қуыстар, жарықшақтар және басқа да қуыстар жоқ және ондағы сулар құрылымдық немесе цеолитті болып келеді. (Су *«Минералдар туралы.} қар.)*

СУ РЕСУРСТАРЫ — беткі және жерасты суларының мөлшері, олар халық шаруашылығында әртүрлі мақсатта пайдаланылады.

СУ ТЕҢГЕРІМІ — нақты аудан шегінде судың кірісі мен шығыны арасындағы ара қатынас. Су еңгерімінің құрамдас бөлігі жауын-шашындар, беткі сулар, булану, су ағыстары (беткі және жерасты) болып табылады. (Т*еңгерімдік теңдеуді қар.)*

СУ БӨГЕТІ — жерасты суларын немесе өзен суларын және су құбырларындағы су қоймаларды, суару, гидроэнергетика және басқа да жүйелерді қамту бойынша инженерлі құрылыс. Жерасты қазбалары жалғыз

ұңғымаларда немесе құдықтарда, ұңғымалар немесе құдықтар, кәріздер (қар.) немесе бұлақтарды шегендеу (қар.) үшін жарақталған, сужинағыш галареялар жүйесі түрінде ж.т.б. түрінде алынады.

СУЛЫ ДЕҢГЕЙЖИЕК — біртекті немесе фациальді-литологияық құрамы бойынша жақын және тау жынысы қабатының гидрогеологиялық қасиетімен, гидрогеологиялық бассейндерді қараңдар) шегінде жекелеген седиментациялық ырғақта созылуы бойынша төзетін фациялық-литологиялық типтері бар. Әртүрлі сулы деңгейжиектер бір-бірінен су сыйымды жыныстар құрамымен және гидрогеологиялық ерекшеліктері бойынша ерекшеленеді.

СУЛЫ КЕШЕН — литологияық құрамы бойынша (бір типті немесе әр типті) бірдей немесе әртүрлі және бұған қоса, ұңғылану (кеуектілік) сипаты бойынша бірдей немесе әртүрлі сулы деңгейжиектер кешені. Сулы кешендердің ұңғымалану сипатына байланысты, біртекті-сулы немесе әртекті-сулы деп аталуы.

СУТІРЕК— тау жыныстарының суөткізбейтін қабатына қатысты (су өткізбейтін қабатымен салыстыру бойынша) мынадай түрлерін айырады: 1) сутіреу жабыны — сулы деңгейжиегін жауып тұратын, суды жыныс тіреуі; 2) сутіреу табаны — сулы деңгейжиектерге төсейтін сутіреу жынысы (қабаттар, қабат және т.б.)

ДЕПРЕССИЯ ҚҰЙҒЫШ — тегеурінсіз су бетінің немесе оларды өңдеу (құдықтар, карьерлер және т.б.) асуды айдау кезіндегі арынды судың пиьезометриялық бетінің төмендеуі. Деңгейінің анағұрлым төмендеуі өңдеу кезінде пайда болады. Өңдеуден төмендеу шамасын алып тастауға байланысты, азаяды және нөлге жуықтайды.

ҚАЙНАР КӨЗДЕР — жоғарылау қозғалысына ие сулар мен су көздері. Су қуыстан, жарықшақтардан, оқпа және гидростатикалық қысымнан төмен басқа да қуыстардан тесіп шығады.

ТАУ ЖЫНЫСТАРЫНДАҒЫ КАПИЛЛЯРЛЫҚ КӨТЕРІЛУ БИІКТІГІ — су бағанының биіктігі, ол капиллярлық күштерді (су-ауа бөлігі шегінде тау жынысы қуысында дамитын беткі тартылу) ұстап тұрады. Капиллярлық көтерілу биіктігі, капилляр диаметріне пропорционал. Кейбір тау жыныстары үшін, капиллярлық көтерілу биіктігі, төмендегі қойылған кестеде көрсетілген.

Жыныстар	
Ірі қиыршықты....	**2,0-3,5**
» орташа қиыршықты	**12,0 — 35,0**
» ұсақ қиыршықты	**35,0 — 120,0**
Құмдақтар	**120.0 — 350,0**
Саздақтар	**350,0 — 650,0**
Жеңіл саз	**650,0-1200,0**

СУДА ЕРИТІН ГАЗДАР — су құрамына кіретін газдар және табиғи сулар көлбеу жатқан, жер қабығының сол бөлігінде түзілген газ құрамы. Бұл

газлар ерітілген немесе бос күйінде (кенет бөлінген газдар) болады. Табиғи суларда боатын газ мөлшері, 10^{-4} -ден 10^{-6} % дейін құбылады. 0,1% жететін, жоғары газ құрамы, жоғарылайтын минералды көздердегі суларда кездеседі; осы сулардың негізгі газ компоненттері көмір қышқылы (CO_2) болып саналады. Табиғи суларда еритін газ арасында, ең басысы O2, Na, CO_2, H_2S, Ar, H2, Rn, CH_4, ауыр көмірсутектері мен гелий кездеседі.

ЖЕРАСТЫ СУЛАРЫНЫҢ ТАСТЕГІ — Табиғи және тарихи факторлардың әсерінен, сонымен қатар адамның өндірістік қызметінің ықпал етуінен, жерасты суларының қалыптасу үдерістері. Литосферада судың табиғи түзіліс ретінде пайда болуы, ауа буларының конденсациялануына, беткі сулардың инфильтрациясына, бассейн суларын көму және т.б. негізделген. Жерасты суларының химиялық құрамының қалыптасу үдерісі, генетикалық тұрғылар жерасты суларының өзара әрекеттесуіне және оларды тау жыныстарымен араластыруға, жерасты суларына беткі әртүрлі минералдау инградиенттерінің өтуімен, минералдау инградиенттерін гравитациялық дифференциялауға және т.б. байланысты болуы мүмкін.

ЖЕРАСТЫ СУЛАРЫНЫҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ЖІКТЕЛУІ — генетикалық белгілерге негізделген, жерасты суларын жіктеу. Мысалы, қалыптасу жағдайларына байланысты, жерасты суларын: сілтісіздендірілген, седиментацияланған, қайта түзілген және т.б., ал химиялық құрамының басым ингридиенттері бойынша — гидрокарбонатты, сульфатты, хлоридті және т.б. болып бөлінеді.

ЖЕРАСТЫ СУЛАРЫНЫҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ — Белгілі бірізділікпен байланысты, генетикалық жиынтығы. Г. Н. Каменский (1947 ж.) үш генетикалық кезеңді бөліп көрсетті: 1) инфильтрациялық, немесе континентальді; 2) теңіз немесе шөгінді; 3) метаморфтық немесе магмалық.

ГИДРАВЛИКА — сұйықтықтардың тепе-теңдігі мен қозғалыс жағдайлары мен заңдары және осы заңдарды тәжірибелік есептерді шешу кезінде қолдану тәсілдері. Сұйықтықтардың қозғалыс заңдарын білу, хабарлау үшін су жолдарын, гидроэнергетика, суару және жері суару, сумен жабдықтау, кәріз, гидромеханикаландыру және т.б. дамыту үшін қажет.

ГИДРАВЛИКАЛЫҚ ГРАДИЕНТ — *Арынды градиент.* **қар.**

ГИДРОДИНАМИКАЛЫҚ АРЫН — пьезометрлік және жылдамдық арындарының сомасы.

ГИДРОДИНАМИКАЛЫҚ ҚЫСЫМ — жыныс бөлшектеріне судың қозғалып жатқан ағыстарымен көрсетілетін қысым. Сан түрінде ол арынды градиентке. Гидродинамикалық қысым арын градиентімен сыни шамаға жеткенге дейін, жыныстардың оның борпылдақтануымен жалпы араласуын тудырады, бұл кейде арнаның тікжақтауында немесе тоғанның төменгі бьефіне байқалады.

ГИДРОДИНАМИКАЛЫҚ КЕРНЕУ — сыртқы қысым өзгерген кезде туындайтын, топырақтағы сумен қаныққан кернеу.

ГИДРОИЗОБАТАЛАР — жер қабықшасынан бастап (әдетте тегіс емес) топырақ суының бетіне дейінгі бірдей тереңдік нүктелерді қосатын,

жоспардағы (карта) сызықтар.

ГИДРОИЗОГИПСТЕР —шартты нөлдік жазықтық үстіндегі топырақ суларының бірдей беткі биіктігінің нүктелерін қосатын, жоспардағы (карта) сызықтар. ГИДРОИЗОПЛЕТТЕР — әртүрлі уақытта әртүрлі құдықтардағы судың бірдей деңгейдегі нүктелерін қосатын, тік тұрғыдағы сызықтар. Гидроизогипстер топырақ суларының динамикасын анықтау үшін қолданылады.

ГИДРОИЗОПЬЕЗАЛАР (пьезоизогипсер) — арынды сулардың бірдей арын нүктелерін қосатын, жоспардағы сызықтар.

ГИДРОИЗОТЕРМАЛАР — осы немесе өзге сулы жыныстардағы судың бірлей температурамен нүктелерін қосатын, бөлікте, сонымен қатар картадағы сызықтар.

ГИДРОСТАТИКАЛЫҚ АРЫН (Н. Н. Павловский бойынша) — екі шама сомасымен көрсетілген, потенциалды энергия қоры: нүктені қабылданған салыстыру жазықтығымен және келтірілген қысым биіктігіне қатысты белгілеу. Гидростатикалық арынды пьезометрлік түтікшедегі судың көтерілуі бойынша, яғни су бетінің атмосфералық қысымын (немесе басқа) есепке ала отырып анықтайды.

ГИДРОСТАТИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙ — ұңғымалар немесе құдықтардағы топырақ суларының көтерілетін деңгейі, гидростатикалық деңгей, қабылданған салыстыру жазықтығынан бастап, мысалы теңіз деңгейінен, жер бетінен, сутіреу қабаты бетінен бастап және т.б. өлшенеді.

ГИДРОСТАТИКАЛЫҚ ҚЫСЫМ —сұйықтың бос бетіндегі қысымнан және артық қысымнан (сұйықтықтың көлемді салмағы үшін қарастырылатын нүктенің бату тееңдігінің туындысы) қосылатын, шартты деңгей үстіндегі сұйықтық бағанының қысымы. Сұйықтықтың биіктігі бірлікпен немесе атмосферада өлшенеді.

ГИДРОХИМИЯ — табиғи сулардың химиясы туралы ғылым. Заманауи гидрохимияның негізгі міндеті, судың химиялық құрамы мен оның сипатын анықтайтын құрылыстар арасындағы генетикалық байланысты анықтау болып табылады.

САЗ ФРАКЦИЯСЫ — борпылдақ топырақтар құрамына кіретін бөлшектер тобының өлшемі < 0,005 *мм.* Санмен барлық топырақ түйірінің жалпы салмағына қатысты пайызбен көрсетіледі. Сазды түйіршіктер, әдетте саз минералдарымен (қар.) ұсынылады.

САЗДЫ МАТЕРИАЛДАР — қайталама су силикаттары, алюмосиликаттар мен ферросиликаттар, сонымен қатар қарапайым қышқылдар мен кремний тотығының гидраттары, темір мен алюминий, негізгі массаға қосылатын саздар, аргиллиттер мен басқа да шөгінді жыныстардың жіңішке (< 0,005 *мм)* түйірлері. Саз материалының анағұрлым кең таралғаны, каолинит, монтмориллонит, бейдолит, галлуазит, иллит және т.б.

ТАУ ҚЫСЫМЫ (тау жыныстарының қысымы) — тау -кен үңгімелерін, қабырғаларын, осы үңгімелердің бекітпелерін қоршап жатқан тау жыныстарының қысымы.

ТҮЙІРШІК —ядро зарядына қарама-қарсы, электр заряды бар ядродан тұратын, күрделі құрылған коллоидті бөлшектер (мицеллалар) бөлігі.

ГРАНУЛОМЕТРЛІК (механикалық) ТАЛДАУ — борпылдақ тау жыныстарымен қосылып жатқан, бөлшектердің өлшемін және сандық ара қатынасын анықтау. Гранулометрлік талдаудың ең қарапайым түрі, екшеп талдау болып табылады. Тесігі 0,25 мм електен өтетін, жыныс бөлшектерін түйірлерге бөлуді, тұндыру әдісімен жүргізеді, саз топырақтарды гранулометриялық талдау үшін, ареометриялық әдісті (қар.) қолданады.

ҰҢҒЫМА ШЫҒЫМЫ (өнімділік) (ҚҰДЫҚ) — уақыт бірлігінде ұңғымамен (құдықпен) берілетін су көлемі. Секундпен литрде немесе секундына, сағатына немесе тәулігіне текше метрде анықталады. Шығымға жуық «шығын» терминін, жерасты ағындарына қатысты қолдану ұсынылады.

ДЕБИТОМЕТР — уақытпен ұңғымалар мен құдықтардың қисық сызықты дебитін жазатын аспап.

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ГИДРОСТАТИКАЛЫҚ ҚЫСЫМ –жерасты ағынының екі нүктесіндегі оның қозғалу жолындағы арындар арасындағы айырма.

ДЕПРЕССИЯЛЫҚ ҚИСЫҚ СЫЗЫҚ — оның ағыс бағыты бойынша, жерасты ағындарының депрессиялық бетінің тік жазықтығымен қиылысудан пайда болған сызық.

ДЕПРЕССИЯЛЫҚ БЕТ — олардың жет бетіне шығатын орындарын, анағұрлым терең суөткізгіш жыныстарға ағатын орындарға, айдау бөлімдеріне (ұңғымалар, құдықтар, шахталар және т.б.) қатысты азайтатын, арынды пьезометрлік бет немесе бос арынсыз су беттері. Соңғы жағдайларда, депрессиялық бет құйғвш пішінді болаы және депрессиялық құйғыш деп аталады.

ЖЫНЫСТАРДЫҢ ТАБИҒИ ЫЛҒАЛДЫЛЫҒЫ —табиғи қосылған жағдайдағы, жыныстағы су құрамы. Жыныстағы судың сандық құрамы былай белгіленеді: 1) салмақтық ылғалдылықпен — су салмағының жыныс қаңқаларының салмағына қатынасымен; 2) көлемді ылғалдылықпен — су көлемінің жыныс көлеміне қатынасымен; 3) келтірілген ылғалдылықпен — су көлемінің қаңқа көлеміне қатынасымен; 4) қатыстық ылғалдылығымен — су көлемінің жыныс қуысы көлеміне қатынасымен. Жыныстардың табиғи ылғалдылығы, топыақ суларының деңгейінен жоғары уақытпен өзгереді. Осы деңгейден төмен ылғалдылық, аталған жыныстың кеуектілігі үшін жоғары немесе жоғары шамасына жуық, қатыстық ылғалдылық бірлікке тең немесе оған жуық

ЖЕРАСТЫ АҒЫННЫҢ НАҚТЫ ҚИМАСЫ — ағын бағытына перпендикуляр, сұйықтықтың жер асты ағындарыынң көлденең қимасы.

ТЕМПЕРАТУРАНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ҚҰБЫЛУ АЙМАҒЫ — жер қабығы бөлігінің күндізгі бетіне жуық, онда тау жыныстарының температурасы жыл ішінде ауа температурасының құбылуына байланысты өзгереді. Температураның жылдық құбылу аймағының шамасы әртүрлі —30 *м* дейін. Тереңдігінің арифметикалық үдемелі өсуі кезінде, температураның жылдық құбылу амплитудасы геометриялық үдеуде кемиді; мысалы,

Тбилиси үшін тереңдігі 2 *м* амплитуда 21° — 11° = 10° жетеді, 3 *м* тереңдікте 18» — 14° = 4°, а 4 м тереңдікте 16° — 14° = 2° тең.

ҚАНЫҒУ АЙМАҒЫ — өткізгіш тау жыныстары сумен қанықтырылған, жер қабығының бөлігі.

ИЗОПЬЕЗАЛАР (гидроизопьезалар) — бірдей пьезометриялық деңгей нүктелерін біріктіретін, жоспарда немесе картадағы пьезометриялық сызықтар.

ИНЖЕНЕРЛІ-ГЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕН — стратегиялық бірізділікпен орналасқан және ұқсастығымен немесе инженерлік-геологиялық сипаттамалар заңдылығымен сипатталатын тау жыныстарының қалыңдығы.

ИНФИЛЬТРАЦИЯЛЫҚ СУЛАР — тау жыныстарының қуыстары мен жарықшақтары арқылы атмосфералық сулардың сіңірілуі арқылы пайда болған жерасты сулары.

ИНФИЛЬТРАЦИЯ — қуыстар мен жарықшақтар бойынша судың сіңірілуі. Топыраққа сіңірілген шөгінділер санының, құлаған шөгінділер санына қатынасы (%-бен) интрафильтрация деп аталады.

КАПИЛЛЯРЛЫҚ АЙМАҚ (жиек) — ауа жіберу аймағы мен қанығы аймағын бөліп тұрған, соңғысы гидравликалық байланысқан аймақ. Капиллярлық аймақтағы қуыстар, жарықшақтар мен басқа да капилляр өлшемдерінің бас қуыстары, капиллярлық күшпен ілінген күйінде ұсталатын, сумен қанықтырылған.

ЛАМИНАРЛЫҚ АҒЫС — жеке және өте жұқа қабат (немесе параллель қабыршақ) түрінде, басқалармен араласпайтын сұйықтық ағысы (немесе газ). Ламинарлық ағыс тек белгілі (сыни) жылдамдықта (см) ғана болады. Сынидан асатын жылдамдық кезінде, Ламинарлық ағыс, турбулентті ағысқа ауысады (қар.)

ГРУНТТАР МЕХАНИКАСЫ — топырақтың кернеулігін, деформациялануын, беріктілік және орнықтылық жағдайларын, сыртқы, бастысы, механикалық ықпалдан, әсерлерден олардың күйі мен қасиетінің өзгеруін зерттейтін ғылыми пән саласы. Иілгіштік және созылымдылық, сонымен қатар коллоидты химия және грунттану теориясын шешуде қолданады.

ЖЕРАСТЫ СУЛАРЫН БОСАТУ (сызашықтау, құрғату аймағы) АЙМАҒЫ — жерасты суларының күндізгі бетте немесе беткі суағындары мен суағарларда сулы қабаттан шығатын учаске.

ТАУ ЖАНЫСТАРЫНЫҢ ҚАТЫСТЫҚ ЫЛҒАЛДЫЛЫҒЫ (ылғалдылық дәрежесі) — аталған жыныстың барлық қуыс көлеміне қатысты пайызбен бейнеленген ылғалдылығы.

ТОПЫРАҚТЫҢ ҚАТЫСТЫҚ ДЕФОРМАЦИЯЛАНУЫ — оның бастапқы өлшеміне (күш салуға дейін) қатысты, сыртқы жүктемелердің әсерінен топырақтың зерттелетін үлгісінің деформациялануының абсолютті шамасына қатынасы.

САЗ ЖЫНЫСТАРЫНЫҢ ИІЛГІШТІГІ — саз жыныстарының сыртқы күштердің әсерінен өз пішінін, тұтастығын бұзбай өзгерту

(деформациялану) және деформациялау кезінде алынған жаңа пішінін сыртқы күштердің әсері тоқтағанда сақтай алатын қабілеті. Саз жыныстарының иілімділік қасиеті, жыныстың ылғалдылығына, дисперстену дәрежесіне, минералдық құрамына, жаңа ертініді концентрациясына, алмасатын катиондар құрамына және т.б. байланысты.

ЖЕРАСТЫ ГИДРОДИНАМИКАСЫ (жер асты гидравликасы) — кеуекті және жарықшақты жыныстармен жайылған, қабаттағы сулар, мұнай мен газдардың қозғалысы туралы салалық ғылым бағыты.

ЖЕРАСТЫ АҒЫСЫ — жерасты суларының гидавликалық тегеуріні немесе табиғаттағы ылғал айналымы процесінде болып жатқан, ауырлық күшінің әсерінен араласуы. Жерасты ағыстары сан түрінде, беткі ағыстар сияқты шамамен сипатталады: шығын, модуль, көлем және т.б.

КЕЛТІРІЛГЕН КЕУЕКТІЛІК — тау жыныстары қуысы көлемінің (топырақ) тау жыныстарының қаңқалы көлеміне ара қатынасы, әдетте бірлік үлесімен көрсетіледі. Ұсынылмаған синоним: кеуектілік коэффиценті.)

КЕЛТІРІЛГЕН ҚАБАТТЫҚ ҚЫСЫМДАР — жекелеген ұңғымалардағы қысымдарды өлшеу тереңдігіндегі айырманың ықпалын жою мақсатында, белгілі көлденең қабатқа және қабаттардың көлденең еместігіне келтірілген (қайта есептелген) өлшенген қабаттық қысым

ҚҰДЫҚТАРДЫҢ КЕЛТІРІЛГЕН ҚОРЕКТЕНУ РАДИУСЫ- құдыққа шоғырланған, дөңгелек қоректену контуры және деспрессияның ассиметриялық құйғышын айдау кезінде құдықтың шын мәнінде бар дебетін қамтамасыз етеді.

ТАУ ЖЫНЫСТАРЫНЫҢ ӨТКІЗГІШТІГІ — тау жыныстарының өзінен сйықтықтар мен газдарды өткізу қабілеті. Өлшем бірілігі ретінде, тау жыныстарының өткізгіштігімен, 1 *см*^{3}*/сек* сұйықтық шығынымен, *тұтқырлығы* 1 санти пуаз жыныстардың көлденең қимасы арқылы, ауданы 1 *см*^{2}, түскен қысым lam на 1 *см* қабылданды (1 дарси). Т.ж Ө мұнайлы қабаттардың негізгі өнімділік көрсеткіші болып саналады (*Дарси қар.).* Өткізгіштік *к*оэффициенті, сұйықтық тұтқырлығы коэффицентіне көбейтілген, фильтрациялау коэффицентіне тең.

ПЬЕЗОМЕТРЛІК БИІКТІК — аталған нүктедегі және атмосферадағы қысымның айырмасы. Пьезометрмен өлшенеді (см.).

ЖЕРАСТЫ СУЛАРЫНЫҢ ПЬЕЗОМЕТРЛІК (арынды) ДЕҢГЕЙІ — арынды суларды ашу кезінде, ұңғыма-пьезометрлерде орнатылатын деңгей. Жерасты суларының пьезометрлік деңгейі атмосферада немесе абсолюттік белгілерде байқалады.

ҰҢҒЫМАНЫҢ ӘСЕР ЕТУ РАДИУСЫ – айдау жүргізілетін ұңғымадан бастап ықпал ету аймағының шегіне дейінгі ара қашықтық. Ұңғыманың ықпал ету аймағы, аталған ұңғыманың гидродинамикалық өрісімен анықталады. Біртекті қабатта, жұмыс істейтін ұңғыманың гидродинамикалық өрісі, орталығы ұңғманың тік осіне сәйкес келетін, орталықтандырылған шеңбер қатарымены анықталы. Ұңғыманың ықпал ету радиусы, уақытпен үздіксіз өседі және оның шектері теориялық түрде сулы қабаттың шектері (контур) болып саналады.

БАЙЛАНЫСҚАН СУЛАР—тау жыныстарының қатты заттарымен физикалық немесе химиялық баланысты жерасты сулары және сондықтан өз-өзімен бос гравитациялық (адгерентті) сулардың қарама-қарсы қозғалмайды. Байланысты сулардың екі тобы ажыратылады: 1) жыныстың қатты заттарының ішіндегі су; 2) тау жыныстарының ұсақ қуыстары мен жарықшақтарындағы немесе молекулалық тартылу күшімен жұталатын, тау жынысының бетіндегі сулар. Бірінші топқа мыналар жатады: а) құрылымдық; б) кристалданған; в) гидратты, немесе цеолиттік. Екінші топқа қабықшалы (борпылдақ байланысқан) және гигроскопиялық (берік байланысқан) сулар.

ГРУНТ ҚАҢҚАСЫ — топырақ құрамына кіретін қатты минерал бөлшектер.

ЖЕРАСТЫ СУЛАРЫНЫҢ СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ- табиғи, шайқау немесе жерасты суының деңгейін сықалмаған

ЖІБІГЕН ТОҢ — оң орташа жылдық температурамен, құрғақ немесе өзіне тамшылы сұйық суды қосатын, көп жыл тоң жатқан аудандардағы тау жыныстарының учаскелері. Жібіген тоң қатып қалған геоаймақта, немесе оның үстінде немесе оның астында болуы мүмкін. Жібіген тоңдардың көп жылғы тоң жатқан аймақтарды сумен жабдықтау үшін үшкен маңызы бар.

СУДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ-ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ — табиғп сулардың физикалық-химиялық ерекшеліктерін анықтайтын параметрлер. Оларға сутекті иондар (pH) концентрациясының көрсеткіштері мен қышқылды-қалпына келтіру потенциалы (Eh) жатады.

СУДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТІ — меншікті салмақ, температура, мөлдірлік, түс, лайлылық, иіс, дәм, электрөткізгіштік және басқалар.

СУ ҚОЙМАЛАРЫНАН СҮЗГІЛЕУ ШЫҒЫНДАРЫ— өзендердің топырақты қоректену мен су қоймаларын салуға дейінгі және одан кейінгі шамаларының айырмасы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Жалпы гидрогеология

1. Завалей В. А. «Жерасты суларын іздеу және барлау», Алматы 2002 ж.
2. Гордеев П.В., Шемелина В.А., О.К. Шулякова «Гидрогеология бойынша тәжірибелік сабақтарға қатысты нұсқаулық». М. «Жоғары мектеп», 1991ж.
3. Климентов П. П. «Жалпы гидрогеология». М.: Жоғары мектеп, 1990 ж.
4. Зверев В.П.: Жерасты гидросфера. - М.: Ғылыми әлем, 2011
5. Кирюхин В.А.: Жалпы гидрогеология. - СПб.: Г.В.Плеха атындағы Санкт-Петербург тау-кен институты, 2008
6. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы (2018 ж. 24.05. өзгерістер және толықтырулармен)
7. 2015 жылғы 22 сәуірдегі су көздеріне, шаруашылық-ішуге жарамды, шаруашылық-ішуге жарамды сумен жабдықтау үшін су бөгені орындарына және мәдени-тұрмыстық су пайдаланылатын орындарға қатысты санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен су нысандарының қауіпсіздігі № 10774
8. ҚР СНиП 4.01-02-2009 Сумен жабдықтау Сыртқы желілер мен құрылыстар
9. ҚР СНиП 4.01-03-2011 СУ ТАРТУ. СЫРТҚЫ ЖЕЛІЛЕР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАР

Инженерлік геология

1. Фролов А.Ф. «Инженерік геология», Мәскеу, Жер қойнаулары, 1993ж.
2. Ломтадзе В.Д. «Инженерік геология», Л. Жер қойнаулары, 1994.
3. Грунттар механикасы. Зертханалық жұмыстарға қатысты әдістемелік құрал, Ульяновск, 2003 ж.
4. Ғимараттар мен құрылыс іргетасын жобалау кезінде, грунттың физикалық-механикалық қасиеттерін анықтау. Зертханалық жұмыстарға қатысты әдістемелік құрал, Тверь, 2006 ж
5. Иванов И.П., Тржцинский Ю.Б. Инженерлік геодинамика./ Оқулық – СПб.: Ғылым, 2001.

Гидравлика және гидрометрия негіздері

1. Цивин М.Н., Абраменко П.И. «Гидрометрия: ашық арналарда су ағысының жылдамдығын өлшеу теориясы мен тәжірибесі», Киев, 2003ж.
2. Сугурбеков Т.К «Гидравлика және гидрометрия негіздері», Астана 2013
3. Лучшева А.А. Гидравлика және гидрометрия негіздері. М.,"Жер қойнаулары",1990.

4. Лучшева А.А., Чаповский А.Е. Гидравлика және гидрометрия негіздері бойынша практикалық сабақтарға қатысты нұсқаулықтар мен есеп жинағы, Мәскеу, Жер қойнаулары, 1990ж.

5. Невский В.В. Гидравлика, гидрология, гидрометрия, Мәскеу, Көлік, 1998 ж.

6. Рабинович Е.З. Гидравлика. М.,"Жер қойнаулары",1990.

В.М. КИМКИНА, А.С. САЛАМАТИНА,
Д.Н. МАКИШЕВ, В.М. ТЮРИН

ҚАРАПАЙЫМ ДАЛАЛЫҚ ГИДРОГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИНЖЕНЕРЛІ – ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

Басуға 10.12.2018 ж. қол қойылды
Пішімі 60*84 1/8
Цифрлық баспа
Шартты басп.т. 15. Таралымы 32 экз.

«Профи Полиграф» компаниясында басылған